

84-қаз 7  
М 17

Ғалым Малдыбаев

САРЫАРҚА

4  
26252



*Ғалым Малдыбаев*

**САРЫАРҚА**

**ӨЛЕҢДЕР  
МЕН  
ПОЭМАЛАР**



**«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ**

*Алматы — 1983*

## **ӨЛЕҢДЕР**





## ЕСКЕРТКІШ

**Уа, гүл далам, тамшыдай--ақ жазғаным,  
Мен де өз дәнің, әнді өзіңе арнадым.  
Ескі өмір мен жаңа заман бейнесін  
Қарт зергердей өлеңіммен жалғадым.**

**Ешқашан мен ұмытпадым өткенді,  
Ұзақ кештім терең, тайыз өткелді.  
Жыр жазғанда ақын жаным елжіреп,  
Ұрпақтарын, келешегін ескерді.**

**Келешекке қарадым зор сеніммен,  
Бірге болдым қашан да мен еліммен.  
Өз халқыма, өз еліме аянбай  
Қызмет қып, төктім маңдай терін мен.**

**Мен де елімнің тынымсыз бір ұлымын,  
Сол ел үшін бар тілегім, ұғымым.  
Көркейе бер, гүлдене бер әрдайым,  
О, қадірлі менің алтын тұғырым.**

**Тірілік — қонақ, кімдер мәңгі тұрмақшы,  
Ажал бір күн мені де алып ұрмақшы.  
Өтей алса өз борышын жырларым,  
Шіркін көңіл зор қанағат қылмақшы.**

Аяуды елім маған қалам алдырған,  
Ұлым, қызым, келешек жас балдырған.  
Бәйтеректің басындағы ұядай  
Ескерткішім осы менің қалдырған.

### БАҚЫТ ЖОЛЫНДА

Октябрь деген бір сөз құрдасымдай,  
Шертетін ойдағыны сырласымдай.  
Бірге өскен өлеңім де Октябрьмен,  
Құйылған патронға қорғасындай.

Октябрь десем тұрар Ленин есте,  
Екі есім көсем болған ұлы көшке.  
Екі есім күн мен айдай шұғыла беріп,  
Жер шарын нұрландырып тұр емес пе.

Октябрь батырлары көз алдымда,  
Топтанған оң жағымда, сол жағымда.  
Батыры батырлардың Ильич даусы —  
Қалыпты сырдай сіңіп құлағымда.

### ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Ата-анам — менің сұлу туған далам,  
Тойынды құттықтауға келдім саған.  
Ақындық ақ жүрекпен махаббатты,  
Қолыңды қысам, қарттар, ұл-қыз, балам.

Құрметті, менің өскен, Қызылжарым,  
Ақынның туысысың осы бәрің.  
Алдыңа ақын ағаң тартты бүгін.  
Алтын табақ ыдыспен жырдың балын.

Торқалы той үстінде есеп берсем,  
Қырандай көкте қалқыр ой мен еңсем.  
Дауылды үш дәуірдің айғағы біз,  
Тарихтың бетін бүгін ашып көрсен.

Біз көрдік феодалдық дәуір қағын,  
Елімнің күң-құл болып өскен шағын.  
Ақтоқты, Ақан сері, Біржан-Сара,  
Шежіресі феодалдық замананың.

Біз көрдік капиталист ез дәуірін,  
Патша, ұлық қан жылатқан өз қауымын.  
Ақшаға алтын-күміс қызыққанын,  
Сәудегер байлар сатқан қала, ауылын,

Үшінші дәуір осы гүлді өмірің,  
Қаратқан күндей жайнап жердің жүзін.  
Перзенті бұл дәуірдің тойшы халық,  
Жұлдыздай осы жүрген ұл мен қызым.

Анамдай әлдилеген, Қызылжарым,  
Бауырында көк Есілдің жаққан шамын.  
Хордағы әнші қыздар секілді боп,  
Тарихты жырлады өзен-күміс ағын.

• Топырағы қандай қымбат туған жердің,  
Сәлемін айта келдім қырдағы елдің.  
Бауырлас осы отырған тойшыларым,  
Жырымды, жүрегімді саған бердім.

Баяғы қарт бақшасы Қызылжардың,  
Жасарған шапағындай алтын таңның.  
Ордасы ән мен күйдің, сурет, нұрдың,  
Сайраған бұлбұлы сен жастар балғын.

Ауыл да, селолар да ұқсап бұған,  
Өмірде, еңбекте де бейне қыран.  
Электромоторлардың арқасында,  
Жол аштық десе егер: «көкке шығам».

Комбайн, тракторлар егін шапса,  
Сол жұмбақ тұлпарларға жастар «патша».  
Қалайша жүрек жарып қуанбайсың,  
Бүгінгі қалың егін төсін жапса.

Сұлудай балқып, толқып тұрғанда егін,  
Оруға сыбанғанда егінші елім.  
Көмекке, Қызылжарым, барар ертең,  
От білек қыз бен әсем жігіттерім.

Патшалық тамұқ заман әлі есімде,  
Жүргемін жас шағымда ел көшінде.  
Жар кешкен жалаң аяқ жалшы бала,  
Аязда, борандарда, жел өтінде.

Еске алсын қариялар өткен күнін,  
Сарыарқа, қазақ халқы қандай бұрып?  
Тарихтың бетіне жұрт салсын көзін,  
Қарсы алғанда ұлы той елу жылын.

Көз көрген екі дүние бізге анық,  
Жастарға өткен заман әлі танық.  
Ұрпақтар таныссын деп кер заманмен,  
Суретін ескі дүние жүрмін жазып.

Сарыарқа — сары теңіз ұлан байтақ,  
Қазақтың кең даласын тұрсаң байқап.  
Данышпан Абай ақын сол далада,  
Жырымен надандықты өткен жайқап.



Горькийдің дауылпазы мені оятқан,  
Ізімен Маяковский қалам тартқан.  
Сол екі әдебиет батырлары,  
Сөздерін пулемет қып жауына атқан.

Солардың жүрегінен шыққан сурет —  
Революция дауылпазы ұшқан гулеп.  
Дүниеде адамзаттар тұрса жасап,  
Үйдері мәңгі-бақи жасай бермек.

Абайдың, Ыбырайдың замандарын,  
Мен дағы көрдім, ұзақ абайладым.  
Еске алсам көк Есілдің тасқынындай,  
Денемді, жүрегімді билейді ағын.

Елу жылдан арғы өмір қалай өтті?  
Десеңіз — қасірет басқан жер мен көкті.  
Астында көк тұманның арсылдаған  
Көргемін көкжал бөрі бай мен бекті.

Олар айтты: Мықты күш жалғыз құдай,  
Құдайға орынбасар — патша мен бай.  
Олармен молда, қожа дастархандас,  
Орнына кедейлердің жалғыз құрай.

Олар айтты: — Жер-судың иесі біз,  
Адамдардың әулие-киесі біз.  
Адам-ата, Хауа-анадан бермен қарай,  
Кедей — есек, адамның түйесі біз.

Дейтұғын: Кедей, жалшы қылған құдай,  
Жүре бер құл-күн болып көп сұмырай.  
Жаралған артық болып бай мен мырза,  
Патшаның самұрығы қойған тұғырындай

Дейтұғын: Бай-манап жер-су қожасы,  
«Алланың добы — барлық адам басы».  
Басыңа тебе берсін домалай бер,  
Заманның әйел-еркек, қариясы.

Дейтұғын: Бай-молдаға қарсы келме,  
Үш әйел бір еркекке тұрады елде.  
Қос қатын, бес қатынды бай мен мырза,  
Отырсын ақ ордада, жұмсақ төрде.

Дейтұғын: Правосыз малсыз адам,  
Сайлауға, сайлануға баспас қадам.  
Ауылнай, болыснай, би, аға сұлтан,  
Уысында осылардың ауыл, қалам.

Мал баққан, шөпті шапқан тек шаруа,  
Сүйенген неше ғасыр аз малына.  
Азық қып айран-қымыз көшіп жүрген,  
Ұқсап ол Сарыарқаның көп аңына.

Сол күнде ауыл нанға жарыды ма?  
Нансыздар жұтады да, налыды да:  
«Мука бар?», «Хлеб кушайт, қатын-балам» —  
Деп барған деревнилық тамырына.

Балалар оқымаған өскен надан,  
Қай күнде білімсіздің күні қараң.  
Молданы көзін сүзген, жүзін бұзған,  
Ұстаға қараңғы ауыл бірен-сараң.

«Иман шарт», «әптиекке» көзін сүзіп,  
Сәбилер отыратын езіп-мүжіп.  
Үш жылда хат танымай, қол қоя алмай,  
Қітабын жыртатұғын мыжып-мыжып.

Молдалар ақ сәлделі ұстап құран,  
Ысқырған балаларға бейне жылан.  
«Бергенге — жұмақ, бермеске тамұқ бар» деп  
Жинаған өтірікті одан-бұдан.

Ұзақ күн ораза ұстап әйел-еркек,  
Атанған оразасыз «кәпір», «тентек».  
Молда мен кемпір-шалдың көзін алдап,  
Тамақты ұрлап ішкен қыз-келіншек.

Бақытты бұл заманда елдің жасы,  
Көп ұлттың жазғы күндей ықыласы.  
Украин, орыс-қазақ, татар, башқұрт,  
Бірі аға, бірі бейне қарындасы.

Ұлы Отан, даңқы зор ел Қазақстан,  
Білімі, өнері де құстай ұшқан.  
Теңіздің тасқынындай күш-жігермен,  
Жарыста жан аямай озып шыққан.

## ҰМЫТПАШЫ, ҰРПАҒЫМ

Ауыр жыл естен қалмайды,  
Қара жаңбыр батпақ, саз.  
Айтуға ауыз бармайды,  
Болды деп жайлы сол бір жаз.

Астан-кестен ел іші,  
Ауыл, қала дамылсыз.  
Малшылар мен егінші,  
Отты ойлы ұл мен қыз.

«Соғыс деген суық сөз,  
Жүрекке тиді найзадай.

Иә, ғаламат болды кез,  
Түскендей көктен найзағай.

Сарғайды қалың жасыл шөп,  
Келіп жетті салқын күз.  
Құстарда да сайрау жоқ,  
Қанатына қатқан мұз.

Қабағын түйді Алатау,  
Шашын жайды орманы.  
Тастарын атты Қаратау,  
Төбесін бұлт торлады.

Соғыс! Соғыс! Соғыс! — деп,  
Ертіс, Есіл тулады.  
Аттан, ерлерім-ай! — деп,  
Каспий, Арал шулады.

Аттан, аттан, аттан! — деп,  
Ұран салды Москва.  
Аттан! — деді жер мен көк,  
Тіл бітті тауға, тасқа да.

Алатаудың баурына,  
Жиналды қыршын қаһарман.  
Ант берді қала, ауылына,  
Қалмасқа осы сапардан.

Аттанды Талғар бауырынан,  
Қанды көз бүркіт жалын боп.  
Тайсалмай соққан дауылдан,  
Қарсы шапты қалың топ.

Генерал Иван Панфилов,  
Дивизияны бастаған,

Ұлы Октябрь солдаты ол,  
Жауларын жерге таптаған.

Төлеген, Мәлік, Бауыржан,  
Дивизия тобында,  
(Үш ер шыққан ауылдан)  
Жаудың түр тосып жолында.

Москваға қорған боп,  
Атқыштар шықты алдынап.  
Команда беріп Панфилов,  
Орындап қомбат Бауыржан.

Айқасты жаумен кешікпей,  
Қырып салды топтарын.  
Қояр ма ерлер өшікпей,  
Жойды танк оттарын.

Бір жер бар аян әлемге,  
Дубасеково атанған.  
Батырлық, даңқ дәлелге,  
Бөленген мекен қашаннан.

Траншейде — жер қорған,  
Солдаттар түр жау тосып,  
Ноябрь айы құс тоңған,  
Аяздан ауған аң шошып.

Көктерек жылап мүлгиді,  
Бұтақтары қуарған,  
Тартқандай зарлы бір күйді,  
Керуендей шұбалған.

Жұмбақ күйді тындаған,  
Жиырма сегіз солдат бар.

Алатаудың бауырынан,  
Келген қырғыз, қазақтар.

Граната, бөтелке,  
Бесатар мылтық тұр дайын.  
Қосаев пен Митченко,  
Атуға әзір әрдайым.

Дүрбімен жауды көреді,  
Политрук Клочков.  
Жиырма танк келеді,  
Күркіреді жер мен көк.

«— Россия кең байтақ,  
Шегінбе жалғыз қадам да,  
Шегінетін орын жоқ,  
Артымызда Москва!..»

Өткізбеді алға тым,  
Жау танкісін жандырды,  
Қырып фашист солдатын,  
Артына аңыз қалдырды.

Жер қайғылы, ел мұңды  
Күткен Жеңіс ақ таңын.  
Төрт жылғы ауыр қырғынды  
Ұмытпашы, ұрпағым.

## ТЫҢ ЖЫРЫ

Туған жерім — тың дала,  
Тыңда өскен мен бала.  
Тың дегенде толғанам,  
Ал, қаламым, сырғана.

Тыңда, атаңның күні өткен,  
Шақырып ашу сұрлана.  
Бетегеге бет сүртіп,  
Жылап — сықтап ұрлана.

Сол суық заман айғағы —  
Мынау қызыл күн ғана.  
Күннің тұңғыш түлегі —  
Ай қарайтын мұздана.

Құлдық, күндік халқыма  
Бұғау болып байлана,  
Мал соңында тәмам жұрт  
Салпақтайтын айнала...

Соның бәрі — ертегі,  
Тың әңгіме құралық.  
Еліміздің дәулеті —  
Тыңға мойын бұралық.

Қыз--келіншек ансамблі  
Совхоздан барды құралып.  
Жаңбырдай жақсы жыр жауып,  
Бишілер шықты бұралып.

Той тартуы торқалы,  
Әндетеді ырғалып.  
Тың ерлері тыңдайды,  
Әнге құмар бір қанып.

Тың — жазира сары бел,  
Құшағында туған ел,  
Қызыл керуен көп достар,  
Алтын дәнге бұған бел.

«Сары бел» — қазір алтын бел,  
Дәнге толды қуаң шөл.  
Комбайн мен Кировец,  
Жарыса шауып тартты жол.

Осы жолдан жиналды.  
Алтын, күміс жиһаз мол.  
Бәріне өмір жүргізген  
Дикандарым құрыш қол.

Балаусада жайылған  
Анау зәңгі шопан, төл.  
Алпыс жыл баққан бағым сол,  
Алпыс жыл шыққан тағым сол.

Жадырап жасыл кілемім,  
Тыңда толқын түлегім.  
Теңдесі жоқ өлкемде,  
Жайқалған тайлақ, үлегім.

Кен байтақ Қазақстаным,  
Партия — алғы штабым.  
Сансыз алғыс айтамын,  
Болашаққа нұсқадың.

## ТОҒАЙ

Қараңдаршы: тоғай қыздай көрікті,  
Бай табиғат сырлы сыпат беріпті.  
Сүйген жарын құшақтаған сұлудай  
Көк Есілге ормандары төніпті.

Аппақ сандал қайың бойын түзеген,  
Ақ терегі төбесі көк тіреген.



Өлең айтып бауырында гүлдер түр,  
Исін шашып қыран құсқа түлеген.

Күнде барсам қалын тоғай ішіне,  
Жолыққандай болам қымбат кісіме.  
О да өзімдей бурыл басты адам ғой,  
Түнде ұйықтаса тоғай кірген түсіне.

Қарақатты, мойылбасты, жемісті,  
Шіркін, тоғай шөпті, ністі, келісті.  
Сұлу тоғай — аң мен құстың жайлауы,  
Сенен артық таба алмаспын қонысты.

## КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Даланы дэнді сағынып,  
Ойланамын, толғанам.  
Жатқан бөстек жамылып,  
Жер де жомарт бір анам.

Бой жазып жүр ек жазықта,  
Жазира көркем кестелі.  
Күйғандай алтын қалыпқа,  
Ақ-қала ұзақ дестелі.

Айналам әсем өлең, жыр,  
Көктем әнін шырқаған.  
Келеді керуен трактор,  
Хор айтып алқап, қырқадан.

Күртікте жатып әлде кім,  
Егін күйін шерткендей.  
«Уай-пәлі!» деп көкте Күн,  
Сый ғып нұрын төккендей.

**«Ақпанның» асау ызғары,  
Долданып неге ақырдың?  
Десеңде: «Жерің мұздады!»  
Қатпайды анасы ақынның.**

**Келеді көктем келеді,  
Көк жиектен тез асып.  
Ол — сұлу алтын денелі,  
Көктемге барлық жан ғашық.**

### **ЖАЗ**

**Жасылды шілде, жайлы жаз,  
«Жоғары, төмен үйрек, қаз».  
Жамырай ұшып, суда ойнап,  
Жырлап, тойлап болған мез.  
Ақын Абай сен сүйген,  
Топырағына бас иген.  
Жазғы жайлау, сары дала,  
Бүгін гүлмен безелген.  
Көк орай шалғын, бәйшешек,  
Ұзарып өсті желкілдеп.  
Ат жалымен ойнаған,  
Егін — майса, көк жібек.  
«Шұрқырап жатқан жылқының»  
Ортасында ұл-қызың.  
Еңбек Ері ішеді,  
Сабалы сары қымызын.  
Ақын, көзің көрмеген,  
Өлеңмен ойын тербеген.  
Машина бүгін бел асты,  
Сүйісіп самал желменен.  
«Күркіреп жатқан өзенге»  
Күн орнады, бұл күнде.**

Абай, саған арман ед,  
Біз жеттік шат өмірге.  
Қыз, келіншек кемелі,  
Сөзі бал, ісі келелі,  
Үйқыдан тынды оятып,  
Моторға жан береді.  
Өмірді сүйдің өзгеше,  
Жүрегің жанды ел десе.  
Далада үнің толқиды,  
Сенбестей, күн сөнбесе,  
Жаздың жыры егінше,  
Жайқала шығып көрінсе,  
Толғана жүрек түбінен,  
Жыр жазам мен де өзімше...

### КҮЗ

Әлде кімді шақырып,  
Жұлдыздар тұр жымындап.  
Ағады Есіл ақырын,  
Жел ызыңдар сыбырлап.

Бозқырау төсеп пүлісін,  
Көрсеткендей келбетін.  
Қар шашады күмісін,  
Малындырған жер бетін.

Аққу, қазын ұшырып,  
Сонау жылы аймаққа:  
Бұлт шымылдық түсіріп,  
Күз қарайды жан-жаққа.

## **КӨРКЕЙТКЕН БАЙТАҚ ЕЛДІ...**

Табиғат шебер ғой ол жан жаратқан,  
Жалғанда зергер бар ма бұдан асқан.  
Бірде жел, бірде тымық, бірде тұман,  
Бірде қар, бірде нөсер жер мен аспан.

Жаз жайнап қыр қыздардай киінеді,  
Үстіне жібек, барқыт үйіледі.  
Шықтан моншақ тағынған күн сұлуға,  
Бозғылт бу жылжып келіп иіледі.

Масайрап көз алдында еркін жәндік,  
Аралар гүлге қонған, құста паңдық.  
Ойнақтап, асыр салып көңілді жүр,  
Тоғайда, қорықтарда аңдар барлық.

Бұлбұлдар сайран етіп, сайрар гүлде,  
Аққу-қаз шомылады күміс көлде.  
Ақиық жердің шарын айнала ұшып,  
Қанат қақпай қалықтап келеді елге.

Көресін көк шалғында төрт түлікті,  
Түгінен майы шыққан әрі сүтті.  
Өсірген жер қайысқан сонша малды,  
Жер-ана қандай жомарт, қандай құтты.

Тың төсінде мол егін жатқан шалқып,  
Толқыны ақыл-ойды алар тартып.  
Ат жетпес алты айшылық кең даладан,  
Ақтарып алтын дәнді алдық сарқып...

Қыс келсе, қысылмайтын болды заман,  
Мың-мыңдап қоз қоздайды, төлдері аман.  
Кең сарай ақ шатырлы мал қорасы,  
Ішінде мұрттан күлген шопан, маман.

## КОМБАЙНШЫҒА ХАТ

Комбайншы Әбілқайыр, шырағым,  
Бала жастан бізбен бірге тұрағың.  
Қарт бүркіттей мен отырмын тұғырда,  
Мініп жүрсің сен даланың пырағын.

Сен келесің комбайнды зулатып,  
Дестелерді асау тайдай тулатып.  
Бар дауыспен «Ақ бидайды» айтасың,  
Ақ орманның жапырағын шулатып.

Көрем сені таңертең де, түсте де,  
Штурвалда отырасың кеште де,  
Маңдайыңнан бұршақтаған ащы тер,  
Тамшылайды ізіндеі көп дестеге.

Тұңғыш рет көргендей-ақ тесіле,  
Қарап тұрмын, қызығамын көшіңе.  
Өткен өмір өшірілмес тарих қой, —  
Бала кезің түсіп отыр есіме.

...Әкең өлді соғыс салған сындарда,  
Шешен өлді елде, ауыр жылдарда.  
Балшық үйде балапандай шырылдап,  
Қала бердің жетім болып жыларға...

«Жетім» демей, үкімет пен ағайың,  
Қамқорға алды сендейлердің талайың.  
Бейнеті көп сол жылдардың зейнеті —  
Толды ырысқа, үйің менен маңайың.

Бекем ұстап тұлпарыңның тізгінін,  
Сен келесің жүйткітіп жер жұлдызын.  
«Тоқтамай тарт, Әбілқайыр Есқақов!» —  
Таудай табыс тілеп тұрмыз біз бүгін.

## ҚАЙРАН БАУЫР

Сәбит аға, қайда кеттің, жан аға,  
Барып қана келесің бе далаңа.  
Әлде, ардақтым, аттандың ба уақытша,  
Өзің туған, өзің өскен қалаңа.

Қайда, қайда, қайда кеттің ілезде,  
Құлап түскен жұлдыздай боп теңізге,  
Найзағайың жарқылдатпай ұрланып —  
Осы көктем сені әкете келді ме?

Енді қайда сені іздеп барайын,  
Әлде болса іздеріңді қарайын.  
Аппақ селдір шашың маған көрінер,  
Есім жинап, көзім сүртіп, табайын.

...Таптым, Сәке, отырсың сен үйімде,  
Шат көңілді қарқ-қарқ күлген күйімде.  
Болғаныңдай Мәрияммен екеуің,  
Өткен жылғы он бесінші июнде.

Таптым, Сәке, сен отырсың төрімде,  
Жылы жүзбен сайрап тұрсың көңілде.  
Сен алтын жан шірімейтін, тозбайтын,  
Мәңгі жолдас, мәңгі құрдас өмірге.

Кезеді де жақын менен шалғайды,  
Ақ жүрегім сені жоқтап зарлайды.  
«О дүниеге кетті» деуге, Сәкем-ау,  
Менің тілім басқа ұрғандай бармайды.

Өлген жоқсың, сен өлмейсің, тірісің,  
Аяқ басқан жақсылардың бірісің.  
«Өлді деуге сендей жанды бола ма» —  
Ел ішінде таудай-таудай ұлы ісің.

## ЕГІНШІГЕ

Ауылымнан Алатауға келемін,  
Тауыса алмадым жазып дала суретін,  
Теңеу таппай алтын сепкен алқапқа,  
Тек дей бердім: «Гулесін-ау, гулесін...».

Тың бетінде тұлпарлары өмірдің,  
Керуенін тартып барады елімнің.  
Есіміңнен айналайын ұл, қызым,  
Шежіредей шеберлері егіннің.

Күнім десем, Күннен көркем жүзі бар,  
Айым десем, Айдан артық нұрың бар.  
Сендерменен егіз туған Арқада,  
Жүз жасасам менің қандай мұңым бар.

Абзал көрем сені алыс жұлдыздан,  
Сен — тәңірім тілегімді тындырған.  
Жігіт — деген атыңнан мен садаға,  
Сен ұжымақты өз қолыңмен тудырған.

Жүрегінмен жыр тербеткен даладан,  
Көздің отын ұлы асуға қадаған.  
Егінші ерлер, жылы ақ сүтті еміңдер,  
Ұлы Отан — қымбат қамқор анадан.

Қайратыңа бүгін далам жаңғырған,  
Сенің буың маған да өлең жаздырған.  
Сырлы сия етіп маңдай терінді,  
Далаға ән ескерткіш қалдырған.

Ауылымнан Алатауға келемін,  
Көкше егінге бір тамшы су өлеңім.  
Ақша бұлттай болсадағы мосқал шаш,  
Жолың үлкен, егіншім, қол беремін.

Шіркін дала, қымбат бесік қандай кең,  
Құшағыма сыймайды ала кетер ем.  
Егіншіні, мені де бір жасартты,  
Көкірек керіп шырқалған ән, алған дем.

Бүгін жасыл ертең егін жайқалар,  
Арғы күні орып көңіл жай табар.  
«Нан-жан». — деген осы әнімді, егіншім,  
Агроном — туыстарға айта бер.

## МЫҢ СӘЛЕМ

Москва, Қызыл алаң, Кремльге,  
Мың сәлем торқалы той ұлы күнде.  
Көтеріп Октябрьдің қызыл туын,  
Парадқа сендерменен шықтым бірге.

Біз де елміз даңқы аян дүниеге,  
Қазақстан ұлан-байтақ жерге ие.  
Алтын дән миллиард пұт берді диқан,  
Ерлер жүр кен қопарып жүйе-жүйе.

Қарсы алдық мерекені алтын дәнмен,  
Ғарышқа жеткен ғажап әсем әнмен.  
Жалғанда бізден озар кім бар екен,  
Көркейген көсем Ленин нұрыменен.

Пәк достық, аппақ жүрек ортамыз бар,  
Емендей бұтағы көп биік шынар.  
Жүз ұлт жүздеседі бір кемеде,  
СССР азаматы күнге құмар.

Нық басып адымдаймыз алға қарай,  
Біз ашық бақыт жолы кең даладай.



**Біздің дос, бізбен мәңгі жасай бермек,  
Ақ шұғыла Октябрьлік аспандағы ай.**

## **КОМСОМОЛ**

**Октябрьдің отынан,  
Орақ-балға туғанда:  
Талпынып таңда жас қыран,  
Құзғындарды қуғанда.  
Комсомол деген ыстық леп,  
Үшқыннан толқын ағытты  
РКСМ берген сол билет,  
Жүрегімде орнап қалыпты.**

**\* \* \***

**Комсомол,— десең жалт етіп,  
Қуанышпен қараймын.  
Оқуынан ер жетіп,  
Келген ұлыма санаймын.  
Себебі: мен де тұңғышы,  
Комсомолдық ұяның,  
Көктемде келген жыл құсы,  
Күн шықпаған қияғын.**

**\* \* \***

**Сол күнде де жүрген жас,  
Партияның ізімен  
Күлу, жылау аралас  
Кездесіп бәрі түзінен.  
Бұл күнде жаста күлкі бар,  
Қасіреттен арылған.  
Өнер, білім мүлкі бар  
Мақсаты тез табылған.**

**Жігітте жігер қырдағы,  
Қызыл алтын сепкені.  
Ел бақыты, ел наны  
Комсомолдың еккені.  
Қыз-қызулы қызыл күн,  
Өндірісте, далада,  
Оларда өлең, сырлы үн  
Ұқсайды туған балама.**



## ***ДАСТАНДАР***





## АЛТЫН БАЛЫҚ

(Аңыз)

Болыпты баяғыда бір бай патша,  
Сыймапты сарайына қазына, ақша.  
Төбесі күмбезделген, зәулім биік —  
Ордада отырыпты алтын тақта.

Патшаның ұл мен қызы сарайында,  
Жүріпті күтушілер қарауында.  
Еркенің ермегі үйден табылған соң,  
Болмапты басқа бала маңайында.

Көршінің баласымен ойнамайды,  
Өмірден «кем болам», — деп ойламайды.  
Кедейдің баласы оған барар еді-ау,  
Қылышты күзетшіден қорғалайды.

Арқаға қағып қойып патша ұлын:  
«Тағыма ие — сен!» деп айтар шынын.  
Сезгені баласының ес білгелі —  
«Әкемдей патша болам!» — деген ұғым.

Қорқады көшенің көп баласынан,  
«Біреуі ұра ма» деп арасынан.

Айт, тойда жақындарын паналайды,  
Көздері шыға жаздап шарасынан.

Патшаның қырық құл, қырық күң есігінде,  
Мал баққан, сауын сауған үйде, түзде.  
Болыпты қырық уәзірі — бас кесері,  
Табақтас тізелесі жүрген бірге.

Атшабар уәзірі Таңқы пұшық,  
Танауы бір жорықта түскен үсіп.  
Өсекшіл, әрі күншіл жағымпаз жан,  
Өлімге патша айдаса, кетер ұшып.

Қаһарлы патша елге салық салған,  
Мал, алтын жиһаздардан алым алған.  
Малы жоқ, алтыны жоқ кедейлерді,  
Жұмсауға әр жыл сайын айдап барған.

Біреуі көп кедейдің Көлеке шал,  
Болмаған өз қолында дүние, мал.  
Ыбырайым деген жалғыз баласы бар,  
Осы ұрпақ Көлекеге келсе ажал.

Қәрі шал жүреді үнем аулап балық,  
Дарияға, қара суға ауын салып.  
Ілінсін мейлі шортан, мейлі шабақ,  
Патшаға Таңқы уәзір барады алып.

Анасы Ыбырайымның Қамқа қаршық,  
Өткізген бар өмірін азап тартып.  
Сарайдың айналасын сыпырады,  
Жүргенде патша әйелі өрттей шалқып.

Таңқының үйлеріндей шалда үй жоқ,  
Қиетін киім, тамақ, күй мұнда жоқ.

**Жар қазып шыммен жапқан қара күрке,  
Жоқшылық шіркін бетке басқандай шоқ.**

**Тұрғаны «Қазығұрт» тауы қолтығы кең,  
Болғалы қазақ, қазақ қылған мекен.  
Тарихта түркстанның топырағы —  
Сарқылмас тамаша көп шежіре еккен.**

**Жолдасы қарияның жалғыз бала,  
Келеді ерте тұрып қармақ сала.  
Үйренді суға жүзіп жас басынан,  
Туған жер, таныс, ыстық сай мен сала.**

**Көшенің көп баласы бұған серік,  
Балықты олар да аулар үнемі келіп.  
Жүзуде, малту, сүңгу өнерінде  
Жүреді Ыбырайым көмек беріп.**

**Патшаның баласындай торықпайды,  
«Жалғызбын, жарлымын», — деп қорықпайды,  
Қармақ сап, жұтпа ойнатып, ауын құрып,  
Еңбекпен өткізеді жыл мен айды.**

**Ай қалқып, жыл жылжумен өмір өтті,  
Ыбырайым он төрт жасқа келіп жетті.  
Балықтай су бойында жүзуменен,  
Денесі шып-шымыр боп сүйді еңбекті.**

**Көктемде күміс өзен кетер тасып,  
Керуендей аппақ сеңдер жардан асып.  
Ау салып, қаза құрып тоқтауларға,  
Жүреді Ыбырайым әнге басып,**

**— «Таси бер, бұрқана бер, көк өзенім,  
Бетінде тербетілген мен бөбегің.**

Қайығым, қалағыммен, ау, балығым,—  
Жігерлі көңілімде бар өлеңім!..»

Шабактар тоқымада бүлкілдейді,  
Құйрығын алабұға сілкілейді.  
Аузын біреуі ашып, бірі жұмып,  
«Әу, бала, бізді суға жібер,» — дейді.

Дегендей «патша ұрсады» Ыбырайым,  
Мөңкіген балықтарға қарар дәйім.  
Балалық мінез сырттай сезілсе де,  
Көк сендей көңілінде бар уайым.

Өйткені ұстаса да қанша балық,  
Түлкідей уәзірлер алар қағып.  
Патшаға ертелі-кеш апарады,  
Ыбырайым санын соғып, қалар налып.

Өзіндей балалар жүр үйлерінде,  
Сияқты қызыл түлкі күйлерінде.  
Мініске аты, кесе киім табылады,  
Бағады қаз бен тауық, үйрегін де.

Үйі анау, Ыбырайымның бейне апан,  
Бітеді төсек орын бұған қашан.  
Тамағы қара көже, қатқан балық,  
Қаңтардың аязындай өмір қатаң.

Көлеке сұм заманның сорлы шалы,  
Бір құшақ ақ қамыстай мұрт, сақалы.  
Денесі кәрі еменнің тамырындай,  
Мойнынан арылмаған балық қағы.

Мінекей, келді әкесі малмаң басып,  
Түрі бар тұрған күздай тұман басып.



Саусағы дірілдейді, тізе қалт-қалт,  
Жан бар ма кәріліктен кеткен қашып.

Әкеге баласының түсті көзі,  
Көріктің желіндей бар алған демі.  
Қолында аса таяқ дуанадай,  
Таяқ та бір жолдасы өмірдегі.

Баласы әкесіне тұрды қарап,  
Жүрегі шалды аяп, алап-жалап.  
Балалық мейірімі түсіп, айтты,  
Селкілдеп тұрған шалды жаны аяп:

— Әке-жан, құлағың сал, сөзім тыңда,  
Әкеге қызмет ету — парыз ұлға.  
Үйде отыр, жаныңды күт бұдан былай  
Жұмысты мен істеймін суда, қырда.

Қартайып жеттің, әке, бұл шамаға,  
Ау салып мен шығайын тамашаға.  
Патшаға балықты да мен берейін,  
Басқа адам, әке, саған қараса ма.

— О балам! Жүзден асты менің жасым,  
Ыстыққа күйді, мұзға тонды басым.  
Патшаға қызмет ету оңай емес,  
Жеткен жоқ, балам, әлі сенің жасың.

Ерте әлі — деді қария көзін сүртіп,  
Орнаған жасымнан--ақ маған қырсық.  
Көрмесем көлеңкенді тұра алмаймын,  
Патша да ашуланып жүрер ұрсып.

— Балықты аулау, әке, емес қиын,  
Жас жанның жарығы ол да, тапса күйін.

Патшаға «жарай ма?» деп сынат мені,  
Патша айтсын екеумізге сөз түйінін.

Патшаға келді екеуі ертеңінде,  
Патша отыр тақтың ең бір көркемінде.  
Қолында алтын таяқ, кигені асыл,  
Пішіні қара аюдай төнген түнде.

Күзет тұр есігінде қылыш ұстап,  
Адамдай табанынан қаққан мықтап.  
Табакпен тамақ әкеп күң қыздар тұр,  
Бастарын төмен иіп, қорқып, ықтап.

Безенген суреттермен сарай іші,  
Сайрап тұр бір жағында бұлбұл құсы.  
Диудың, періштенің, перілердің,  
Салынған гүл ішіне түрлі түсі.

Жалынып «жіберші» деп күзетшіге,  
Шалменен бала кірді үй ішіне.  
Қасқырдай қойды көрген көзін тікті,  
Үңіліп зілді патша «күл» түсіне.

Тағзым ғып патшасына Көлеке шал:  
— Қартайдым, — деді — менде азайды хал.  
Балам жас, өзім кәрі, балықшы едім,  
Уа, патшам, осыны ойлап боламын дал.

Патшаның қасында отыр ерке ұлы,  
Борсықтың күшігіндей оның түрі.  
Жуан бас, екі көзі сығырайған,  
Секілді саңырауқұлақ жұдырығы.

Қойыпты ұлдың атын Жуанбас деп,  
Мәз-мәйрам масайраған тәтті ас жеп.

Ойнатқан алтын, күміс жұмыртқамен,  
Алтыннан басқаға ол уанбас деп.

Сөйледі әкесінен бұрын бала:  
— Ей, әке, мына алжыған шалды қара.  
Айнытпай жүрегімді айдап шықшы,  
Балықты бізге әкелсін бала ғана.

Сөзіне баласының мәз боп патша,  
«Бұл шалды айдап шығу аз!» деп патша.  
Сары ала таяғымен сартылдатып,  
Сарайдан қуды ұрып басқа-басқа.

Кірпідей тікірейді сақал мұрты,  
Торсықтай кеуіп кетті майлы ұрты.  
Патша, бай, төре, мырза ол заманда  
Құл, жалшы, кедейді ұру — ата салты.

— Ей, бала, балықты аула бұдан былай,  
Құл етіп берді сені маған құдай,  
Баламның баласына мәңгі құлсың,  
«Жаспын» деп келе көрме жәрдем сұрай.

Томсарып Ыбырайым кетті шығып,  
Алғандай бүйіріне найза сұғып.  
Ау салды дарияға дамыл алмай,  
Кеш жатып пысық бала ерте тұрып.

Кемпір, шал жүреді өзен жиегінде,  
Тілегі — жалғыз ұлы күн де, түн де.  
Балаға балық асып, тамақ беред,  
Екеуі ортаға алып күркесінде.

Бала да бірде жұмыс, бірде ойын,  
Ойынға жастық шақта бар ма тойым.

Сөйтсе де, балықты ол көп аулайды,  
Шалдан да ұзақ кезіп судың бойын.

Ілінді ел аузына жап-жас бала,  
Балықты мол аулауда озды дара.  
Ақ балық, қара балық, шорағай, шортан,  
Ұнады арамтамақ патшаға да.

Бір күні ауын құрды ерте барып,  
Сөйтті де кете барды ойын салып.  
Қарап жүр қопадан қаз жұмыртқасын,  
Қасына бір топ бала ертіп алып.

Тауыпты жұмыртқаның талайларын,  
Ұстапты қаз, үйректің балаларын.  
«Нұр жауар талаптыға» деген мақал,  
Сыйлады анасына жигандарын.

Әкесі айтты: «балам, ауыңа бар»,  
Секілді алдымыз су, артымыз жар.  
Бөрі жоқ деме, шығар бөрік астынан,  
Артыңнан пұшық уәзір қарап тұрар.

Ыбырайым «құп!» деп әке тілін алып,  
Жүрегі оттай тулап, жүзі жанып.  
Қараса дариядағы құрған ауын,  
Ғажайып оралыпты алтын балық.

Көп бала таңырқады мұны көріп,  
Біразы Ыбырайымға келді еріп.  
Күркені күн нұрындай жарқыратты,  
Табактай алтын балық келгенде еніп.

Шіркін-ай, қандай ғажап алтын балық,  
Түс емес, көз алдында өңі анық.

«Жасаған бізге дәулет жіберді!» деп,  
Алдына ата-ананың келді алып.

Әу, әке, ауға оралды алтын балық,  
Тартайын патша алдына, өзім барып.  
«Әкелдім баланызға десем, патша,  
Бір жүйрік атын маған беруі анық.

— Ей, ата, бұл өмірден күдер үзбе,  
Келгендей айдан ұшып балық бізге.  
Анама көйлек, жаулық киім берер,  
Қарасар төсек-орын тозған кезде.

Жалғанда қымбат — дейді, — алтын балық,  
Жайнатып патша алдына барсам алып.  
Саған да, әке, жақсы бір үй берер,  
Күркеден құтылармыз, үйге жарып.

«Токта, ойлан, балам» — деді Көлеке қарт, —  
Патшаға апарудан аяғың тарт.  
Көлденен күншіл жандар дұшпан болар,  
Құлдарға тарту беру еместі — салт.

«Жеті өлше, бір рет кес», саспа, балам,  
Балықты дарияға таста, балам.  
Жүгініп Жуанбасқа жағынсаң да  
Көр қазар күндей жүріп басқа адам.

— Әу, әке, қандай жау бар маған даяр,  
Кімдер бар зіл патшадан сыйлық аяр.  
Балықты дарияға мен жіберсем  
Күні ертең көрген бала жұртқа жаяр.

— Жөн, — деді кемпірі де, шалдың сөзін:  
— «Қарағым, байқа — деді сүзіп көзін.

**Ақ жүзін бір көре алмай аузым күйген,  
Жоғалып қапылыста жалғыз қызым».**

**Кемпір-шал осыны айтып күрсінді ауыр,  
Басқандай қара тас боп сұмырай дәуір.  
Баланың болашағын қайғырады,  
Емес пе бала — жүрек, бала — бауыр.**

**— Тәуекел!» деп шықты үйден Ыбырайым,  
Болса да алды жұмбақ, жоқ уайым.  
Күндей боп жарқыраған алтын балық,  
Патшаның нұрландырды кең сарайын.**

**— Ассалаумағаләйкем, тақсыр патша,  
Бала едім жарымаған ас пен атқа.  
Тарту ғып алтын балық алып келдім,  
Сыйлаймын балаңызға, ол ұнатса.**

**Патша мен баласы оның қуанбас па,  
Дәндеген сыйлық алып Жуанбас та.  
«Әй, әке алтын балық менікі!» деп,  
Жүгірді қарамастан ішкен асқа.**

**— Ұзақ жыл патша болдым халайыққа,  
Ісінді ұқсатпаймын балалыққа.  
Хан, ханша, мырза, бидің тартулары,  
Бәрі де жеткен емес бұл балыққа.**

**Деп патша сүйінгеннен тұрды ұшып,  
Балықты ұстап көрді құты түсіп.  
Алдырды алтын қайық, бұлақ суын,  
Жіберіп уәзірін Таңқы пұшық.**

**Патша айтты: маған байлық алтын балық,  
Ыбырайым ерке ұлыма сыйлады анық.**

«Сыйға-сый, сыраға — бал» деген мақал,  
Кұл бала кету керек ырым алып.

Міңгірлеп қутындады Таңқы пұшық,  
Ішіне күншілдіктің шоғы түсіп.  
Көре алмай Ыбырайымның сыйлағанын,  
Орнынан «Иә, патшам» деп тұрды ұшып.

Біз уәзір ақылдасар сегіз едік,  
Бәріміз патшамыздың қамын жедік.  
Сегіз күн ақылдасып, біз айталық  
Жас құлды қуантуға ырым беріп.

— Пұшығым, ақылдас деп патша қалды,  
Ыбырайым терең оймен кете барды.  
Бұл жәйді естігенде Көлеке шал  
Сескеніп, басын шайқап, күйіп-жанды.

Сумандап пұшық барды сегізіне,  
Қашаннан қиянатшыл серлігіне.  
Сөйледі алтын балық әңгімесін,  
Ор қазбақ Ыбырайымның өліміне.

Сегіз күн, сегіз уәзір әңгімесі,  
«Сый берем» деген патша уәдесі —  
Уәзірдің баласынан асып туған  
Ыбырайым болды оның бүгінгі өші.

Жиылды уәзірлердің балалары,  
Жүрегін күншілдік дерт жаралады.  
«Ыбырайым бізден асып кете ме» деп,  
Пұшықты бөлтіріктей жағалады,

Пұшықтың баласы бар он үш жаста,  
Тоймайды шошқадай-ақ ішер асқа.

Еріншек, күншіл, кесір, мылжың, сотқар,  
Бұл маңда ұры да аз содан басқа.

Жексұрын бұл баланың аты Талпақ,  
Быртыған аяқ, қолы, беті жалпақ.  
Жанжалға, төбелеске бейім тұрған,  
Шапыраш, бітік танау, жүрісі талтақ.

Жандай ол жаратылған төбелеске,  
(Кім білсін, барлық бала соған өш пе?)  
Бастары бес баланың қосылса егер,  
Саусағы жүрер оның бір өңеште.

Жекпе-жек Ыбырайымға әлі келмес,  
Тоқпақтай екі-үш бала оны жеңбес,  
Сондықтан жалынады әкесіне:  
«Жер тап деп, — Ыбырайымға барса, келмес».

Уәзірлер ақыл тапты ұзақ ойлап,  
Бұл жерге Ыбырайымды емес қоймақ.  
Жағынып патшасына кеңес беріп,  
Қайткенде жас баланың көзін жоймақ.

Патшаға тәжім етіп Таңқы пұшық,  
Қиюлап қақпан құрып, тұзақ пішіп.  
Ақылын сегіз күннің баяндады,  
Патшаның екі аяғын бірдей құшып:

— Иә, патшам, алла саған бақыт берген,  
Біз қанат-құйрығың ғой, соңыңа ерген.  
Кеңесіп біз қорыттық — алтын балық  
Дарияда екеу болар деген сөзбен.

Дарияда егіз болар алтын балық,  
Ыбырайым епті бала келер алып.



Жайылса алтын балық тұқым шашып,  
Ұжмақтай патша сарай болар жарық.

Көрелік сыйдың жайын содан кейін,  
Құл бала қайда қашпақ Ыбырайым,  
Ұлыңа алтын балық сый тартқанда,  
Сіз сыйсыз қалуыңыз бізге уайым.

Патша айтты: Ыбырайымды шақыр жылдам,  
Қызметін аяқтасын бізге қылған.  
Серігін алтын балық тауып әкелсін,  
Жүрмесін мені алдап құдай ұрған.

Қу пұшық Ыбырайымды алып келді,  
Өжет ұл жең сыбанып, бұған белді.  
«Бұл балық екеу шығар дарияда  
Алып кел!» деп патша оған бұйрық берді.

Томсарып Ыбырайым шығып кетті,  
Ата мен анасына әңгіме етті.  
Жасаған жар болсын деп жалғызына  
Кеудесін жалын шалып жасын төкті.

— Ата-анам көзің жасын бекер төкпе,  
Ізденбей, еңбектенбей жүру еп пе?  
Табармын алтын балық, алтын қанат,  
Бар болса, дарияда, жерде, көкте.

Бармасам бұл сапарға құрбым не дер?  
«Ыбырайым әзір басқа мақтанды» дер.  
Жалғыз-ақ, анам, сенен тілегім бар,  
Емшегің сүтін сауып, нан илеп бер.

Ананың сүті тәтті бұл жалғанда,  
Татпаған ана сүтін сірә арманда.

Бидайдан асыл азық өмірде жоқ,  
Нан қымбат, адамға да, айуанға да.

Кеше мен ұстарымда алтын балық,  
Бір түйір қатқан нанды тауып алып,  
Үгетіп ауды айнала шашқан едім,  
Тағам жоқ наннан артық, сенімді анық.

Бұл — ақыл кездесетін өте сирек,  
Болсайшы бала осындай ойлы, зирек.  
«Ақ сүтім — ақ жолыңа бастасын» деп,  
Анасы сүтімен нан берді илеп.

Батырдай жауға шабар Ыбырайым,  
Сенеді өз күшіне, жоқ уайым.  
Ау, қармақ, шоқпар, қақпан, қанжар,  
Бәрі де арқалауға болды дайын.

Батасын берді ұлына ата-ана,  
Оттан да ыстық іштен шыққан бала.  
Іздеуге алтын балық жөнелді ол,  
Қоштасты Қазықұрттың тауы ғана.

Жас бала туған жерден кетті ұзап,  
Жағалап өзендерді жібек құрақ.  
Адамның бейне жүйке тамырындай,  
Өзенге құйып жатыр күміс бұлақ.

Қаншама сапырса да дарияны,  
Аңсатқан алтын балық табылмады.  
Сонда да қанатынан қайырылмас,  
Қылыштай қынаптағы бабындағы.

Тереңге, тайызға да ауын құрып,  
Жапанда суды сауып, зыр жүгіріп.

Тамызда құм қуырған қыдырумен,  
Табанын тас жеп қойды мыж-мыж тіліп.

Найзағай жарқылдайды бұлт шықса,  
Не болмақ жайдың оғы жерге тықса.  
Аспан да күркірейді баланы «іздеп»,  
Ыбырайым сексеуілге келіп ықса.

Бәрі жау жиһан кезген құс пен аңның,  
Қорғаны — сенім, күші, жалғыз жанның.  
Сескеніп қасқырлардан түн шағында  
Қонады қойынына, биік жардың.

Таң атса дарияны тағы сүзіп,  
Толқынды толқын қуса, бірге қуып,  
Шыныққан күнге күйіп шымыр дене,  
Демейді мынау жылы, мынау суық.

Далада қойдай өрген азулы аң,  
Арыстан, жолбарыс пен қасқыр, қабан.  
Жолдассыз жорықтағы жас баланың  
Ақылы — құтқаратын ажалынан.

Бір күні Ыбырайымды көрді арыстан,  
Жемек боп гүрілдеп ол қуды алыстан.  
Ыбырайым суға түсіп, аудан өтіп,  
Көкжалға қарап тұрды, бір жартастан.

Арыстан періп кетті суға жүзіп,  
Жетпекші жартасқа о да ауды үзіп.  
Шілбиген ауға келіп шырматылды,  
Алақан соғып бала тұрды күліп.

Ауды алып шықты арыстан құм үстіне,  
Сенсе де, қиратам деп өз күшіне.

**Оралды шым-шытырық аңғал асау,  
Тыпырлап жатты сабаз ау ішінде.**

**Жас бала ұрып алды жыртқыш анды,  
Еріксе, терісіне кейде оранды.  
Кей кезде тері ішіне жусан тығып,  
Балалық салтын құрып ойнап та алды.**

**Аулайды қоян, түлкі құрып дұзақ,  
Сонда да дариядан кетпес ұзап.  
Табылмас алтын түгіл күміс балық,  
Азапқа жүрсе дағы жаны шыдап.**

**Бір күні батыр бала шаршап қатты,  
Дарияның жағасында ұйықтап қапты.  
Қаңғырған аш қарақұс тап берді де,  
Көтеріп құз басына бір-ақ тартты.**

**Қос тырнақ бірі санда, бірі қолда,  
Шошынған бала есін жиды зорға.  
Кеудесін қарақұстың қақ айырмақ,  
Қанжары беліндегі тисе қолға.**

**Қарақұс қан іздеген қарны ашып,  
Баланы құз басында бүріп, басып,  
Шіркіннің үлкендігін байқап көрсе,  
Алып құс алтын қанат үйдей лашық.**

**Қорыққан Ыбырайым жанталасып,  
Қанжарға қолы тиді тұрған қашық.  
Жарқ етті қарақұстың кеудесіне,  
Кетер ме құс та болса, енді қашып.**

**Жемсауы тілінген құс аспанға ұшты,  
Қансырап бір мезілде жерге түсті.**

Бала жүр әлі күнге тырнағында,  
Кім көрген тырнақтыда мұндай күшті.

Баланы босатпады бүрген тырнақ,  
Қысылса кім кеп жедел жәрдем қылмақ.  
Таяқтай сояу өтсе өкпесіне,  
Кешікпей көр, кебінсіз көзін жұмбақ.

Бала да, қарақұс та шала жансар,  
Жатқанда, шоқуға оны құстар аңсар.  
Қалықтап төбесіне, айнала ұшты  
Шағала, ала қарға, құзғын тартар.

Бір кезде Ыбырайым жиса есін,  
Қып-қызыл қан бояған бар денесін.  
Ақ қабан қарақұсты шайнап жатыр,  
Дей берді: «жесе жесін, жесе жесін».

Жарадан тұра алмады сүйретіліп,  
Қарнымен, иегімен жерді сызып.  
Дарияның кемеріне жетті де әрен,  
Оқ тиген ақ маралдай жатты сұлық.

Теңселер «кел» дегендей судағы ау,  
Елестер көзін жұмса, Қазығұрт тау.  
Жүрегі елжіреген ата-анасы  
Сол тауда әлде өлі, әлде есен-сау.

Қызарып күн шығады таң ғып жүзін,  
Таң қуған жер сарнайды ызың-ызың,  
Алыста домалайды қаңбақ, селеу,  
Панасын іздегендей сай мен құздың.

Жер мен көк арасында шұбап құйын,  
Барады көкпар етіп өрмекші үйін.

Үріккен ор қоянды орай соғып,  
Құм атып, топырақ шашып берген сиын.

Кей кезде қап-қара бұлт жерді жауып,  
Күркіреп оттар жайнап ауық-ауық,  
Шөлдеген қыр мен құзды сусындатар,  
Жаңбыр мен жұмыртқадай бұршақ жауып.

Көп күндер оттай ыстық, дала тымық,  
Көлкілдер жүйрік сағым зыр жүгіріп,  
Қанаты, жүні күйіп, жерді құшар,  
Аң, құстар аузын ашып, дымы құрып.

Түннің де түсі суық шошынғандай,  
Бар ажал түнде түгел қосылғандай.  
Тіріліп қабырынан өлген жандар,  
Дарияның жағасында отырғандай.

Естілер сары жыланның ысқырғаны,  
Ол шақса, қиналмай ма адам жаны.  
Астында аяулы айдың беп-белгілі,  
Бұлқылдар жылан жүрсе жердің шаңы.

Сары құрт, қара құрт көп осы маңда,  
Улатар зәрін төксе, жәндік жанға.  
Кім білсін, не іздейтінін құрғырлардың  
Жыбырлап, ұйқысы жоқ ұзақ таңға.

Құбыжық, қатерлерді түгел көріп,  
Жұлдыз, күн, жартаc, суы етіп серік,  
Ыбырайым — жаралы жан жатқан мынау,  
Жарасы жүруіне бермей ерік.

Тек қана жас баланың сырласы жаз,  
Дарияны өрлей ұшқан аққу мен қаз,

Қарлығаш қанатымен жара емдеген,  
Бозторғай эн шырқаған аспанда мээ.

Қоңыр қаз қаңқылдаған анасындай,  
Аққулар жарқылдаған атасындай.  
Үйректер айнала ұшқан көңлін аулар,  
Үйдегі асық — кеней, сақасындай.

Мөлдіреп дос құстарға жаралы жан,  
Төгеді жүрегінен қайғылы эн:  
«Көрем бе Қазығұртты, ата, анамды,  
Тауып ап алтын балық дариядан!»

Күн өтті, ай да өтті, тұрды бала,  
Жазылды у тырнақтан түскен жара.  
Қарағым талаптан деп құшақ жайды,  
Баяғы күңіренген дария, дала.

Жердегі ең асыл дәм, аруақты дәм:  
Ананың ақ сүтімен илеген нан.  
Таусылды су бетіне себуменен,  
Қалар ма қиыры жоқ дариядан.

Ең соңғы түйір нанды суға малып,  
Ыбырайым ауын құрды кейіп барып.  
Әйтеуір, үміт, қиял, еңбек, бейнет,  
Кім білсін, бар ма, жоқ па алтын балық.

Жартаста жатты ұйықтамай түні бойы,  
«Не істеймін, қайда барам?» — терең ойы.  
Шыққалы «Қазығұрттан» үш ай өтті,  
Сүзілді армансыз-ақ өзен бойы.

Бір жатып, бір тұрады қарап айға,  
Ұшқыр ой, ойға, қырға тарамай ма?

Алды жар, арты батпақ тұманды өмір,  
Үлкенге баланы да санамай ма?

Демей ме құрбыларым: «күл баласың,  
Қалайша патша алдына құр барасың?  
Таппас па ең мықты болсаң алтын балық,  
Даярды ғана аудан сен табасың...»

Демей ме: «ауға іліккен алтын балық,  
Патшаның бақытына келген балық.  
Айдады патша бағы — құлдың соры,  
Ұялмай келіп тұрсың енді неғып?»

Демей ме: «Ыбырайым, мақтанба енді,  
Патшаға қызметке аттанба енді.  
Сенен де патша алдында, біз ардақты,  
Алдадың, уәзірді, барлық елді!...»

Осы оймен көзінен жас мөлтілдеді,  
Күншілдер жүрегіне болды жегі.  
Пы-с-с... етіп кеткен екен шаршап бала,  
Бозторғай көкке шырқап «тұр, тұр» деді.

Көтерді басын тастан Ыбырайым,  
Аспаннан көрді «соңғы» туған айын.  
Денесі дір-дір етіп жетті суға,  
Ең соңғы айтпақшы боп бұйымтайын.

Ол ауды тартарын да, тартпасын да,  
Біле алмай, тұрды ұзақ жар басында.  
Мінекей дәл тоқсан күн ауы алдады,  
Шіркінді мақтасын ба, қарғасын ба?!

Қалайша мақтар еңбек жанбай шықса,  
Ең соңғы үміті де жерге тықса.



Ананың ақ сүті мен қымбат нанды,  
Еріккен шортан, шабақ қылғып жұтса.

Қалайша қарғар досы — кендір ауды,  
Анасы сиырды емес, соны сауды.  
Болмай ма қарғағандай ата-анасын,  
Қарғаса жүз бір көзді, егіз бауды.

Толғанып, тоқсан ойлап әрең жетіп,  
От ұшқан жанарымен суды тесіп,  
Созғанда ауды өзіне әрең-мәрең  
Көрінді бір қызыл шоқ жарқ-жүрқ етіп.

Жағаға келді балық керуені,  
Ортада алтын балық көрінеді.  
«Жасаған, нә жасаған, бере гөр!» деп,  
Қуанған көзінен жас төгіледі.

Тапқандай ат басындай қызыл алтын,  
Балықты алды бала оттай жалқын.  
«Қазығұрт, қайдасың!» деп тартты үйіне,  
Таяқ қып қаракұстың бір қанатын.

Шығарып салды: Қаз бен аққу, үйрек,  
Жылқышы, тәуқүдірет тұмсығы имеқ.  
Қарлығаш, қызғыш, тарғақ, бозторғайлар  
Құттықтап, қанатымен көкте билеп.

Жүрегі қуанышты бала батыр,  
«Жеңдім!» — деп қиын жолды келе жатыр.  
Алыстан мұнарланып қарт Қазығұрт  
Көрінді әкесіндей ең жаныашыр.

«Өлді» — деп Ыбырайымды жүрген пұшық,  
Қайғырды «тірі екен» деп мұрнын шұқып.

**«Құлыным, аман-есен жеттің бе елге...» —  
Жылады ата, анасы бірдей құшып.**

**Қуанды патша балық келгеніне,  
Баланың ерлік іске төзгеніне.  
Қауқылдай шын көңілден айтып салды:  
Ылайық, — деп осы бала уәзірге!»**

**Уәзірлер күншілдікпен ақылдасты,  
Тырнадай өңеш созып жақындасты.  
Баланы «барсақелмес» жолға айдап,  
Жіберу ебін тауып ,мақұлдасты.**

**Патшаға қымбат тарту — алтын балық,  
Танданды ол Ыбырайымға қайран қалып.  
Бастады бір пәлеге тағы пұшық.  
Баланы сарайдағы көре салып.**

**— Иә, патшам, әмірінде біз — уәзір,  
Қоссаң да, нендей іске бәрі де эзір.  
Өмірлі алтын балық болу үшін,  
Алтын су іздеу керек бұған қазір.**

**Бұлғары шаһарында алтын су бар,  
Ыбырайым балық тапқан, суды табар,  
Ойнаса, алтын суда алтын балық,  
Сарайдың айналасы күндей жанар.**

**Барқ етті «Мақұл-ақ» деп надан патша,  
Балаға көп сый бермек, суды тапса,  
«Ат басы, ер басымен не көрмейді,  
Пұшығым, сен серік бол, үйде жатпа!»**

**Амалсыз көнді бұған Таңқы пұшық,  
(Жүрсе оған пәле бар ма жанын күтіп).**

Балаға ор қазып ед, айламенен,  
Мінекей, құлауға тұр, өзі түсіп.

Патшадан жүйрік мінді, алтын алды,  
Сапарға шықты екеуі қиып жанды.  
Қайғы жоқ, талап күшті Ыбырайымда,  
Шаркедей сорлы пұшық жүдеп қалды.

Бет қойып күнбатысқа ұзақ жүрді,  
Келеді көктей өтіп қызыл құмды,  
Шөлейтте көлігі өліп, қалды жаяу,  
Ит пұшық өлер жерін жаңа білді.

Бұлғары шаһары ол қайда екен,  
Қандай жан ол шаһарда қылған мекен.  
Сезбейді еш хабарын жолаушылар,  
Білмеген елді адам іздей ме екен.

Сұм пұшық арам айла қарастырып,  
Баланы кетпекші де адастырып.  
Әйтеуір ебін тауып өлтірмекші,  
Шөлдетіп, не болмаса, мүлде аш қылып.

Көп жүрді жанды қинап қарақұмда,  
Құс ұшпас, құлан өтпес, жалаң қырда...  
Күн, құм, ай, жұлдыз ғана серіктері,  
Шалынбас көздеріне жан ырымға.

Келеді аяқтарын әрең басып,  
Шөліккеп таңдай қатып қарны ашып.  
Жапанда кездесті бір адам басы,  
Қу бастан қорқып құм да кеткен қашып.

Кескен бас жатыр тілсіз, қаусап жағы,  
Ұяға қона берді күн шапағы,

Шаршаған екі жаяу басты көріп,  
Таңдады осы жерде қоналқаны.

Қонақты құм жастаған басты ұйқы,  
Бұларды қонақ деуге жоқ та сиқы —  
Ыбырайым қолтоқпақтай өңсіз бала,  
Пұшық та бүкірейген бір шал күйкі.

Түсіне Ыбырайымның кірді қу бас,  
Алдында жас жігіт боп тұрды қу бас.  
Ыбырайым сәлем беріп қарап тұрса  
Жалғанда бұдан сұлу адам тумас.

Мінгені ақ арғымақ, керім тұлпар,  
Белінде екі жүзді көк зұлфіқар.  
Кигені темір қалқан, болат сауыт,  
Қаһары тауды бұзып, тасты қырқар.

Сәлем ап Ыбырайымнан түсті аттан,  
Ақ жүзі ағасындай күлім қаққан.  
Демесең жапандағы жалғыз жігіт,  
Лебі бар махаббаттың оты жаққан.

Жетелеп оң қолымен Ыбырайымды,  
Сыр айтып ен далада ұзақ жүрді.  
Өзі кім? Сапары не? Мақсаты не?  
Ақтарды, бұлақтай ғып арман, мұңды.

Ақ тұлпар құмды тарпып пысқырғанда,  
Нұр шашып келіп қалған жазғы таң да...  
Оянса түсі екен Ыбырайымның,  
Ұқсады ол жігіттен айырылғанға.

Бас жатты «әлгі жігіт — мен» дегендей,  
Бас емес бейне адам өлмегендей.

Жанағы көркем жігіт көз алдында,  
Жан сыры бетпақ бойын өрлегендей.

Құрметтеп батыр бала сол қу басты,  
Жан ғой деп көрген бұ да өмірді ащы.  
Қанжармен «қазақ» деген белгі салып  
Қазандай әкеп қойды белгі тасты.

Кебін ғып басқа орады орамалын,  
Қадады құламастай найза сабын,  
Жан жүрсе, алыс жерден көрінуге,  
Біреуін байлап кетті дағараның.

Жігіт кім? Сапары не? Арманы не?  
О дағы ұзақ дастан, мол әңгіме.  
Жолына Ыбырайымды жөнелтелік,  
Оқушым, «неге бөгеп кеттің?» деме.

Күн ыстық, әуе айналып жерге түскен,  
Жол да жоқ, сұм пұшықта әрі күш кем.  
Ыбырайым арқалады «өледі-ау» деп,  
Ол пұшық суынды да артық ішкен.

Бір шаһар көзге ілікті әлдеқайда,  
Шаһар ма, әлде көкте туған ай ма?  
Әйтеуір бұлдырайды алуан зат,  
Бермекші бара қалса қандай пайда?

Шаһарға жақындады, мал көрінді,  
Мал баққан желмаямен шал көрінді.  
Қарт малшы қарсы шығып амандасты,  
Дей берді «бейшаралар, ал демінді».

Малшыға «түйенді бер» — деді пұшық,  
Келейін анау жатқан суға түсіп.

Шамам жоқ, әрі шөлдеп, жанып барам,  
Сілемді қатырды «алла» күні ысып.

«Бара ғой» деп шал байғұс түйе берді,  
Сауабын алмақшы боп оған сенді.  
Қу пұшық желмаямен желіп барып,  
Жайқалған жапырақты қамысқа енді.

Кешікті желмаямен кеткен пұшық,  
Ол пұшық сол кеткеннен қашты зытып.  
Сан соғып екеуі де қала берді,  
Кеш болды, отыра ма оны күтіп.

Ыбырайым жөнін айтты қарияға:  
— Алтын су іздеп шықтым жазираға.  
Бұлғары су деген бар жер үстінде,  
Көргенің, естігенің, сірә бар ма.

— Мен келдім жүз он жасқа, балам, тыңда,  
Ондай су естігем жоқ жер-жиһанда.  
Дүниенің аралдарын араладым,  
Алтын су кездескен жоқ ешбір жанға.

Ендеше жүгір, балам, теңізге бар,  
Кеме тұр алты айшылық жолға шығар.  
Мін дағы сол кемеге теңізден өт,  
Баласың тыңғылықты, сөзімді ұғар.

Ей, балам, саған берер кеңесім сол:  
Алдында екі шаһар, екі үлкен жол.  
Жолменен жүре берсең алтын тау бар,  
Мұратқа тау ішінде жетеді қол.

Сол таудың арасында алтын шаһар,  
Шаһарда билеп тұрған патша қыз бар.

Айнадай айналасы қырық кез қорған,  
Алтын су, мүмкін, балам, сонда шығар.

Тыңдады Ыбырайымды шалдың сөзін,  
Бекітті қиын жолға бала өзін.  
Қырандай қияға ұшқан зымырап кеп,  
Кемеге отырды ер, сол жас өрім.

Теңізден өтті бала алты ай жүріп,  
Денесін шынықтырды суға жүзіп.  
Алдында екі шаһар алтын тау бар,  
Арасы әрқайсысының жүз күншілік.

Ай санап, күнге қарап, аман өтті,  
Жол бойы қауып, қатер бейнет шекті.  
Қорғанып, азулы аңнан, жауыз құстан,  
Қорғанға қырық кез биік келіп жетті.

Жел құйын көтермеске қорған биік,  
Амалдап ағаштарды жалғап иіп.  
Шықты әрең тас қорғанның төбесіне,  
Сияқты жаңа ұшқан бала ақиық.

Секіріп Ыбырайым түсті ішке,  
Сенеді ол, бойындағы ақыл-күшке.  
Жолменен жалғыз аяқ келе жатыр  
Деп қарап: «бұл көргенім өң бе, түс пе?»

Көрінді желкілдеген күміс құлақ,  
Астында ағып жатыр алтын бұлақ.  
«Бұлғары су — дегені осы екен» деп,  
Кетпеді қуғаннан аз-ақ құлап.

Шомылды алтын суға батыр бала,  
Еншідей бір өзіне тиген дара.

Көзіне осы сәтте елестеді,  
Қазығұрт, сағынышты ата-ана.

Сол кезде арғы жақтан келді бір қыз,  
Қолында алтын құман, бейне жұлдыз.  
Бұралып тал шыбықтай бойы жеткен,  
Сызылып тұра қалды үнсіз, тілсіз.

Қатып тұр, көзін қадап бейтанысқа,  
Дегендей жын ба, адам ба, әлде құс па!  
— Әу, жігіт, — деді ақырын, — жөніңді айтшы,  
Бұлғары суды аттап бері шық та.

Жас батыр жөнін айтты бөтен қызға,  
Жол сырын бүгетін ұл тегі бұл ма.  
Осындай ер жүректі болса жастар,  
Емес пе болуы анық елге тұлға.

Ұл айтты:— затым қазақ ерлік қуған.  
Мекенім Қазығұрт тауы бабам туған.  
Көлеке, Қамқа атты ата-анам бар,  
Баламын зіл патшаға қызмет қылған.

Ұстадым екі бірдей алтын балық,  
Патшаға мен сыйладым алып барып.  
Алтын су сол балыққа іздеп келдім,  
Зәру су — мына бұлақ жатқан ағып.

Қыз айтты: — мұнда адамзат келмеуші еді,  
Су түгіл шаһарды да көрмеуші еді.  
Қарағым, өзің үйде жүрген шақта,  
Қарт анаң, Көлеке атаң не деуші еді?

— Шыққалы мен үйімнен үш жыл болды,  
Көрмедім содан бері жақсы жолды.



Ата-анам не айтқанын білмек түгіл,  
Құлазып жел, құм, сорып жүзім солды.

— Шырағым, әр сөзіңе болдым құмар,  
Естісем бір жақсы сөз көңілім тынар.  
Қаншама арып-ашып келсең-дағы,  
Бір сөзі көкейінде жүрген шығар...

— Ол рас, көкейімде бір сөзі бар,  
Баланы кеңес қылса көрші құлдар:  
«Құлыным жүзінді бір көрмедім» деп,  
Ата-анам жасын төгіп еңіреген зар.

Мұны естіп қыз көзінен төкті жасын,  
Бала аң-таң сұлу қыздың сүйеп басын.  
Қарағым, бауырым деп құшақ жайып,  
Орады мойыннан қара шашын.

— Дариға, ата-анам, туған жерім,  
Соларды ойлауменен еңіредім.  
Келгелі бұл шаһарға он жыл өтті,  
Өмірдің нұрлы таңын бір көрмедім.

Қызы мен Көлекенің, атым Қамар,  
Күн бар ма, ол жұртымды маған табар.  
Перілер мені ұрлап алып келген,  
Жүрегім ойлағанда от боп жанар.

Аман ба? Әке, шешем, туған елім,  
Аман ба қарт Қазығұрт туған жерім.  
Келдің бе бұл қамалға көкпен ұшып,  
Үш жаста қалып қойған інім менің.

— Бәрі аман әке-шешен, қымбат ел де,  
Елге жүр, бұдан былай маған ер де.

**Жат елде жан сақтауда қасиет жоқ,  
Баралық қайта айналып туған жерге.**

— Бауырым, демінді ал үйіме жүр,  
Өскенше ақыл бойың қолымда тұр.  
Перілер сезіп қалса өлтіреді,  
Еш жанға сезілмесін біздегі сыр.

— Суды алып тайып тұрсақ, көреді кім?  
Салуға бойды аулақ жетпей ме түн.  
Жеткенше көк теңізге болсын азық,  
Егерде туыс болсаң, маған сен шын.

— Тайсақ та пері бізді құтқармайды,  
Сүзеді аспандағы күн мен айды,  
Кетерміз бір дос тауып, пері мініп,  
Қалмаспыз пері ішінде басы-байлы.

Бәрі қыз тұратын жан бұл шаһарда,  
Бауырым ең әуелі осыны аңда.  
Тұруға ер адамға ұлықсат жоқ,  
Қол қойған қыз перілер осы заңға.

Осындай теріс екен пері діні,  
Адамға жазбағанды «құдай» мұны.  
Мол алып алтын суды пері қызбен  
Кетерміз жыл құсымен келер жылы.

— Егерде ерді өлтірер болса пері,  
Сақтайсың қай орынға, тәте, мені?  
Сезілсем сүйегімді күл етпей ме,  
Қоя ма масайратып тірі сені?...

Қарағым, сені қыздай киіндірем,  
Жібекпен көйлегіңе кесте тігем.

«Елімнен ала келген қызым ед» деп,  
Астыңа төсеп қоям қызыл кілем.

Елінен айрылғаннан күш кетеді,  
Арманда өту — бармақ тістетеді.  
Перілер сені ұрлап әкелгенде,  
Адамның қызы, саған не істетеді.

— Рас-ау, елсіз жаннан күш кетеді.  
Арманда жүру — бармақ тістетеді.  
Перілер мені ұрлап әкелгелі,  
Патшаға тәтті тамақ істетеді.

Қыз патша менен жейді тәтті тамақ,  
Беремін мейрамдарда арақ-шарап.  
Бағынам бұйрығына амалым не,  
Қоямын жұма сайын басын тарап.

Інісін алып келді бөлмесіне,  
Ыбырайым амалсыздан көнбесін бе.  
Қиінді қызға ұқсап бастан-аяқ,  
Кім кепіл пері сезіп өлмесіне.

Бар еді Қамардың да бір дос қызы,  
Пері де болса, көркем оның жүзі.  
Сол еді Қамарды ұрлап әкелуші,  
Жер түгіл оған таныс, көк жұлдызы.

Әйгілі Шолақ пері аталатын,  
Біледі адам, пері бар қаласын.  
Күніне жүз құбылып он өзгеріп,  
Аң, құс боп, шаш ал десе, бас алатын.

Ұзақ ай Қамарменен бірге тұрған,  
Жалғанда пері өтпейді одан жылдам.

Жалғыз-ақ патшасымен жаны қарсы,  
— Заңым!» деп ер біткенді түгел қырған.

Сездірді Ыбырайымды соған ғана,  
«Қыз емес — деді оған — бұл ер бала».  
Зіл патша әмірімен мұнда келген,  
Елімде тосып отыр ата, ана.

Жамандық ойдан аулақ Шолақ пері,  
«Көрінбей жүре берсін қонақ» — деді.  
Бізге де бір керегі болар мұның,  
Алыста тұрса дағы адам елі.

Бір күні еппен келіп Шолақ пері,  
Қамарға: — деді — достым, сездің нені.  
У беріп қыз патшаны өлтірелік,  
Шаһардың бірдей өссін қыз бен ері.

— Шолақ-ау, күнді өткіздік ойнай-күле,  
Мұндай сөз сездірмедің бірге жүре.  
У беріп өлтіргенде қапылыста,  
Білдірші патша қыздың жазасы не?

Жойсақ біз қыз патшаның көзін жылдам,  
Жазасы ұзақ жылдар ерді қырған.  
Адамнан алдырамыз елге тұқым,  
Ініңдей ержүректі талапты ұлдан.

— Шолақ жан, бұл сырынды кім біледі,  
Қастандық пәндә жанын бүлдіреді,  
Өлтірсең қыз патшаны күні бүгін,  
Уәзірі оның заңын жүргізеді.

— Жоқ! Қамар, қырық уәзірі маған серік,  
Бұл сырды мақтап түйдік дұрыс көріп.

Тамақты әзірлеуші сен болған соң,  
Әдейі айтып тұрмын саған сеніп.

Қарадық қасы менен қабағына,  
Перілер өсіп өніп тарады ма?  
Өмірге қарсы болған патша қыздың  
Білдірмей у салайық тамағына.

— Шолақ-ау, шыда, деді Қамар тұрып,  
Емес қой жанды өлтіру жақсы қылық.  
Ақылмен патшаңызды көндіріңіз,  
Шығарсын — ерді өлтірмес жаңа ғұрып.

— Өмірдің болашағын ұкса патша,  
Әуелі ерге өзі шықса патша.  
Ініңіз оған күйеу болар ма екен,  
Бұрылар басқа жол жоқ бұдан басқа.

— Жасаған! Ыбырайымды қалай көрмек,  
Шошырмын алмас қылыш жерге сермеп.  
Бауырымды ұнатсандар өздерің айт,  
«Бір адам келді ғажап, сізге тең» деп.

— Білдірме! Ыбырайым ас даярласын,  
Қозғалық осы ақылмен істің басын.  
Ер исін сездіреді алтын тамақ,  
Барамыз бәріміз де шақырған соң.

Бейхабар бұл жұмыстан Ыбырайым,  
Үйренді ол ас пісіру барлық жәйін.  
Бір күні тәтесі үйде болмағанда,  
Патшаның ішер асын қылды дайын.

Тәтесі келіп көрді патша асын,  
Жасапты балдай тәтті сыбағасын.

Күндегі тамағынан дәмді, таза,  
Қуанып алып барды ұнаған соң.

Қыз патша асты иіскеді, сезді нені?  
Томсарып аз отырды үндемеді.  
Қылышын қолына алып бір уақытта,  
«Мына асты кім даярлап берді!» — деді.

Шығып тұр ердің исі ас маңында,  
Адамдар ерге шығад дер шағында.  
Басыңды кеспей тұрып расыңды айт,  
Балаң ба, қасыңдағы жан-жарың ба?

— Тақсыр-ай, балам да жоқ, жарым да емес,  
Жар, бала мен тұтқынға қайдан теңдес.  
Елімнен мені іздеп інім келген,  
Ол — батыр, пері қыздан өлем демес.

— Ақымақ екен інің! — деді патша,  
Бағынар мына қылыш басын шапса.  
Бар жылдам сол ініңді мұнда алып кел,  
Елімді аздырады ұзақ жатса.

Жүгіріп келді үйіне Қамар жылап,  
Інісін өлтірер деп жасын бұлап.  
Тылсыммен Шолаққа да берді хабар.  
Қапыда кетпеуіне жарға құлап.

Ыбырайым киіп алған қыз киімін,  
Патша алды ер жігітке емес қиын.  
Саспады тәтесімен келді аяңдап,  
Дегендей көрейінші қыздың сыйын.

Жалынды жас жігітті көрді патша,  
Көтеріп қанды қылыш келді патша.

Қылышын Ыбырайым алды жұлып,  
Басқанша жалғыз қадам жерді патша.

Тағына патша барып құлап түсті,  
«Жоқ екен адамзаттан басқа күшті.  
Басымды қазір шауып тастай ма» деп,  
Жүрегі дүрсіл қағып зәресі ұшты.

Ыбырайым сылқ-сылқ күлді қыз патшаға,  
«Басымды кессең патша, қылышың мә.  
Ер жігіт қорықпайды, қорқытады,  
Ылайық па қанға шөлдеу, ару, сірә?»

Ес жиып сыйқырсыған қыз да күлді,  
Ақырын шертіп қалды бір тал гүлді.  
Сол кезде жетіп келді Шолақ пері,  
«Зынданға сал!» деп оған бұйрық қылды.

Адамды тез апарып, зынданға сал,  
Бұл адам әрі өмір, әрі ажал.  
Пері емес, құс та емес ұшатұғын.  
Болмады бұған төте біздің қамал.

— Иә, патшам! — деді күліп Ыбырайым,  
Білесіз жасағанның күн мен айын.  
Күн менен ай болмаса өмір бар ма,  
Тірлік жоқ қараңғылық болса дәйім.

Ерді күн, қызды айға бағалаймын,  
Жақсы өмір осылар деп шамалаймын.  
Жалғанда ұл мен қыз бірдей өссін,  
Бірыңғай қызды өмірге санамаймын.

Әділдік — ортақ адам, періге де,  
Тек қана аң шындыққа беріле ме.

**«Бір тосу аққан суға» ойлан патша,  
Ер қаны судай текке төгіле ме?**

**Оллаһи, бөгет емес маған зындан,  
Біз — адам зындан тұрсын, тауды бұзған.  
Ерлерді мен сияқты өсірмесең,  
Құрнсың, көпке ұзамай қыз антұрған.**

**Жігіттің сөзі батты қыз жанына,  
Сүйсінді ол кірпік қақпай тұрғанына.  
Қасқиған қарсы алдында адамзаттың,  
Көнбеді қанды қылыш ырғағына.**

**Ойланып тағында әсем отырды қыз,  
Жігітке қадалды көз, құбылды жүз.  
Ер деген сөз жалын боп жабысты оған,  
Болса да ер атаулы бұрын көк мұз.**

**Денесін билеп кетті ыстық үміт,  
Елестеп ер мен жігіт қатар тұрып.  
Адамға ақыл ойы құлады оның,  
Бетінде махаббаттың қаны жүзіп.**

**— Сөз тыңда, — деді патша, Шолақ пері,  
Айқаста жеңді мына адам, мені.  
Босатып өз еліне бұдан былай,  
Қоямын күзетшіге, Шолақ, сені.**

**Ұлықсат тәтесімен тұрсын бірге,  
Оңаша бір үй бер де, толтыр гүлге.  
Қонғандай көкейіме адам сөзі,  
Шабуыл жасау керек ескі дінге.**

**Жас жігіт «рахмет!» деп берді қолын,  
Лақтырып жүрегіне көздің шоғын.**



«Батырым, кел қасыма қонақасы іші!» —  
Патша қыз оң жағынан ұсынды орын.

Жігіттің қызға тиді отты лебі,  
Сүйсінді Қамар менен Шолақ пері.  
Өмірдің жаңа тойы басталғандай,  
Төртеуі дастарқаннан тәтті ас жеді.

Тарады үйлеріне, таркады ашу,  
Талапты жасқа жоқ қой мойып жасу.  
Туысқан тәтесінде тұра берді,  
Тетігі қолда, оңай ауылға асу.

Патша қыз жатқандай ол қоламтада,  
Паһ шіркін, күйдірген от оңалта ма.  
Күбірлеп «құдайынан» сұрағандай,  
Жігітті бездіре ме, оралта ма.

Ғашықтық отыр сезген Шолақ келіп,  
Патшаға бір түн бойы болды серік.  
Сыр тартты Ыбырайымды мақтай сөйлеп,  
Дегендей ерді таңдау — сіздегі ерік.

— Шолақ-ау, — деді патша — айтшы анығын,  
Барады күйіп-жанып жан тамырым.  
Сүйе ме Ыбырайым пері қызын,  
Ол сүйсе, мен сүйемін, мен — жарымын.

— Сүйеді, патша, сені, — деді Шолақ,  
Ол бізге бақыт үшін келген қонақ.  
Некенді қидырудың қамын ойла,  
Түйіні махаббаттың, патшам, сол-ақ.

Ендеше, Шолақ пері, молдаға ұш,  
Өзіңдей тез ұша алмас, пері мен құс,

Мешітке азан айта шығар молда,  
Арқалап сарайыма алып кеп түс.

Кутындап Шолақ пері кетті пысып,  
Суылдап көкті жарып, бұлтты құшып.  
«Алласын» анда, «сақбарын» мұнда айтқызып,  
Молдасын алып келді желдей ұшып.

Ерлердің қанын төккен ұзақ жылға,  
Ескі әдет доғарылды енді мұнда.  
Ер мен қыз өсіп-өніп ел болғандай,  
Еріктің туын береді Ыбырайымға.

Ыбырайым сағыныпты туған елін,  
Қазығұрт, ата, ана қымбат жерін.  
Жас батыр, жүйрік Шолақ өрлеп көкті,  
Жөнелді Қамар менен Пері келін.

Ұл мен қыз пері мініп аспанға ұшты,  
Пері зат ұзаққа ұшқан неткен күшті.  
Бір көлдің алтын суы арқасында  
Қазығұрт қолтығына келіп түсті.

Қуанып шықты алдынан ата, ана,  
Қосылды «өлді» деген қыз бен бала.  
Үн қосты зарлы жанға жамыраған.  
Қазығұрт, ұшан дария, бетпақ дала.

Алтын су сыймай патша сарайына,  
Жайылды гүл бақшалы маңайына.  
Жарқылдап алтын балық жүрді жүзіп,  
Бұл аңыз жайылды елдің талайына.

Тарады құрмет даңқы барлық жанға,  
Патшаның ерді ұнатпас орны бар ма.

**Жігітті бас уәзірге таңдап қойып,  
Үй мен мал сыйлық берді кемпір, шалға.**

**Қу пұшық — опасыз жан кеткен қашып,  
Жолдасқа қастық қылған зұлым жасық.  
Ұстап ап Шолақ пері «Сыбағаң» деп,  
Танауынан бәйтерек қойды асып.**

**Осылай Ыбырайым ерлік етті,  
Аралап тамашалап жер мен көкті.  
Кешікпей патшаны ел тақтан қуып,  
Ыбырайым, енді өзің баста! — десті.**

**Ашылды ерлік іспен ердің бағы,  
Той қылды адам, пері — екі жағы.  
Есімде өмірімде қалар емес  
Тойғаным осы тойда менің дағы.**

## ЖОЛ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Лениннен телеграмма келіп түсті,  
Ревком осыған зор қуанышты.  
Көкшетау — Петропавл теміржолы  
Салынып, жақындатпақ түү алысты.

Іле-шала жұрт іске кірісті кеп,  
Қимылдады мындаған құрыш білек.  
Жұмысшылар маз-майрам масаттанған,  
Дем алмайды жатқандай ырыс күреп...

Бәз біреулер қарбалас атжал қазып,  
Бәз біреулер тоқпақтап қаққан қазық.  
Кілт өзгеріп, әйтеуір, жүре берді,  
Дойбының тақтасындай жатқан жазық.

Әркім әкеп қолда бар саймандарын:  
Балта, балға, күрек пен қайлаларын.  
Тіпті кейбір әйелдер араласып,  
Тұз ұсынып, ортаға жайған нанын.

Жұмыс істеп осылай жүрген іскер,  
Жұмысшылар тындырды іргелі істер.  
Шпалдарды арқалап, шаң-шұң қағып,  
Тез төселе бастады рельстер.

Ортасында осы істің Асан да жүр,  
Қолдан келген көмегін жасауға бір.  
Балта қайрап береді, кетпен шындап,  
Керек десең бәрін де жасауға әзір.

Он төрт жастан он беске жаңа да асқан,  
Ол еңбекке үйренген бала жастан.  
Әулетті, тілі өткір, бір мінезді,  
Осынау сәт аянбай араласқан...

Самайынан суық тер тамшылайды,  
Шимай-шимай шаң қауып жан шырайды.  
Албырт Асан сонда да тізе бүкпей.  
Шпал тасып, пар атты қамшылайды.

Білей түсіп қамшысын қолындағы,  
Тап жауларын қуғандай жолындағы,  
Өршелене пар атты айдайды кеп,  
Тапсырмасын осылай орындайды.

Міне, Асан кірді депо сарайына,  
Сәлем берді Ивандай ағайына.  
Иван Ильич үйреткен ұсталықты  
Асан сынды жастардың талайына.

Өз өнерін Асанға сый да қылды,  
Дереу баули бастады ибалы ұлды,  
Басқа-басқа болсын-ау, ал осының  
Жақсы жігіт боларын Иван білді...

\* \* \*

Бір ауыл бар бұл маңда «Маймақ» атты,  
Осы ауылдың байы да Маймақ атты.  
Кедей-кепшік біткеннің қанын сорып,  
Бар байлықты жалғыз бай жайлап жатты.

Бүтін киім кимеген өмірінде,  
Күң есебі жұмсайды келінін де.  
Аямайды адам деп жалшыларын,  
Саңылау жоқ көрсоқыр көңілінде.

Тастан шалдың жалғызы Асан шебер,  
Осы ауылда күн кешкен асқан шебер,  
Түйін түйіп жүрсе де ағаштан ол,  
Сыйламастан сасық бай басқа тебер.

**Сұлуларға арналған салпыншақты  
Сырға соқты, әшекей шолпы соқты.  
Алтынды аптап, күмісті қаптаса да,  
Осының бәрі Маймаққа олқы соқты.**

**— Біздің үйдің меншікті зергері бол,  
Тегін тамақ ішесің — берерім сол, —  
Осылай деп бай оны тұқыртады,  
Дүниеқоңыз жандарға керегі сол.**

**Басындағы сәлдесі мыжырайған,  
Молда отыр жанында сығырайған.  
Тірлігіне зергердің қанық болып,  
Ұнатпаған түрі бар тымырайған.**

**— Асан бала, баласың, кішісің жас,  
Сен неліктен кәпірмен ішесің ас?  
Жақсы менен жайсаңға құлақ қоймай,  
Сен солардың соңына түсесің, қас...**

**Бұдан былай мұндайға жүрме, сайтан,  
Қыз-қырқынмен қылжақтап күлме, сайтан,  
Тірілесің көріңнен доңыз болып,  
Дастарханды кәпірмен бірге жайсаң...**

**Асан айтты: «Мен мынау білгішінді...  
Былшылдатпа, өтінем, бұл кісінді.  
Сен өлтірдің анамды аштан, Маймақ,  
Білемісің әуелі қылмысыңды?»**

**Мен ататын оғымды жасырғам жоқ,  
Сенің сөзің секілді атылған оқ.  
Көз алдымнан кетпейді әлі күнге,  
Арқасына әкемнің басылған шоқ.**

Туған елге ісімді жөн көріп ем,  
Күні-ақ ертең бітер-ау сендегі дем...  
Жоқ, мен саған жалшы боп жүре алмаймын,  
Күн көремін ақ адал еңбегіммен.

Асан үйден осылай шығып кетті,  
Топастарды жапырып шығып кетті.  
«Болат жолды Қызылжар қайдасың» деп,  
Бетін түзеп шығысқа жүріп кетті...

\* \* \*

— Бала емессің, Асан, сен жігіт болдың,  
Темір жолдың тетігін біліп болдың, —  
Иван Ильич Асанға осылай деп,  
Разы раймен жымнып күліп қойды.

— Білімсіз жігіт поезд басқара ма?  
Оқуға бар, — деді оған, — Москваға. .  
Машинист боп келесің өзімізге,  
Бір жылдық курста оқып астанада.

— Мақұл, — деді Асан да, — Иван аға,  
Көңіліме ой-арман құйған аға,  
Айтқаныңды екі етпей орындаймын,  
Аяқасты ағалық сый қала ма?..

\* \* \*

— Асан самғап барады сан қияға. —  
Хабар түсті дүнк етіп халқына да. —  
Москваның өзінде оқып жатыр,  
Кіріпті большевиктік партияға.

Ленинді де көріпті Мавзолейде,  
Жан-жүрегін тербепті абзал бейне.

**Локомотив жүргізбек әлі-ақ ертең,  
Әлі-ақ ертең оралып туған жерге.**

**Сөйлепті бір сондағы мәжілісте,  
Баяндапты: «Мен, — депті, — әзір іске».  
«Қазақтың тұңғыш туған машинисі  
Дайын, — депті, — қаласың қазір іске».**

**\* \* \***

**Жаз айы өтіп, қоңыр күз келіп кетті,  
Өңір жүзін өкпек жел желпіп өтті.  
Шашындағы шолпысын шешкен қыздай  
Жапырағын орманның селкілдетті...**

**Ұлы Отанның жүрегі — Москвадан  
Қызылжар шаһарына шапшыды ән:  
Октябрьдің он жылдық мерекесі,  
Жер жүзіне таратты асқақ әуен.**

**Поезд шықты Қазанның вокзалынан,  
Қол бұлғады адамдар қақ жарылған...  
«Қызылжар, Көкшетауға — сәлемдеме!» —  
Вагондардың бәріне деп жазылған.**

**Зулатты локомотив машинасын,  
Қызықтырып қараған досы, қасын.  
Бұл — кәдімгі Асан ғой өзіміздің,  
Қомданады бейне бір жас лашын.**

**Жер дүрсілдеп поездың салмағынан,  
Асан жүйткіп келеді арманына.  
Осы отарба осылай күн-түн жүріп,  
Тоқтады Қызылжардың вокзалына.**



**Жұрт қарайды Асанға еміреніп,  
Өңір кеңіп кеткендей, өмір кеңіп,  
Тұла бойы билеген қуаныштан,  
Асан да түр ішінен тебіреніп:**

**«Локомотив — бүгіннің мәрт саңлағы,  
Вагондарға тау-тасты артсаң дағы,  
Қайыспайтын секілді қара нардай,  
Жер түбіне тоқтамай тартсаң дағы...»**

**Қол бұлғайды алдымнан қала шамы,  
Осы отарба бақытқа жол ашады.  
Еліміздің байлығын еселейтін,  
Еліміздің осы жол болашағы!».**

## САРЫАРҚАҒА САЯХАТ

### ҚЫЗЫЛЖАР

Мен білем қарт шаһардың шежіресін,  
Айдаған орыс, қазақ керуен көшін.  
Ертеде жұлынған ол тырнаға ұқсап,  
Шоқыған жыртқыш құстар көзін, төсін.

Бұл күні Қызылжарым қызыл гүлді.  
Орнатқан қолмен ерлер ай мен күнді.  
Кешегі жалшы, жарлы балалары,  
Тасытқан өзендей ғып ән мен жырды.

Бола ма бұл қалаға қуанбасқа,  
Ойланбай көрген адам тұра алмас та,  
Космонавт Шаталовтай батыр туған,  
Даңқы зор жер шарына, әр тарапқа.

Қайыршылар қаптаған жаны жарлы,  
Қаласы Американың қысы, жазы.  
Елі азат, бақытқа орда өз қалама,  
Теңгермен мың бір Вашингтондарды.

Жасарған жаңа қала тамашалы,  
Төбесі аспанменен таласады.  
Қыздардай шолпы таққан бұрымына,  
Электр нұрлары кіл жарасады.

Орнаған ғажап сарай, алып құрылыс,  
Бір кірсең, шыққың келмес, сәнді тұрмыс.  
Азығың, киімдерің «мені ал», деп тұр.  
Жол жүрсең даяр тұлпар, көп «қыран құс».

**Заводта күндіз-түні қызған еңбек,  
Моторлар жарасады жайып өрнек.  
Бір адам мың тылсымды жырлатады,  
Мың тылсым миллион күшті шайқап, тербеп.**

**Көшесі бейне көктем, көркем таза,  
Бес қабат, алты қабат үй күміс жаға.  
Жан-жақтан саяхатпен келген қонақ,  
Ұқсатар астанамыз Москваға.**

**Уа, достар, біз от алдық Октябрьден,  
Мандат көп ұлы Ленин жазып берген,  
Қызылжар — Көкшетаудың болат жолын,  
Нұсқаған көсем еді өз қолымен...**

**Бұл жолмен Сарыарқаны саяхаттап,  
Алатау, Сыр, Оралды өттік аттап,  
Сары алтын, қара алтындар эшелонмен,  
Жүреді ертелі — кеш мыңдап сап-сап...**

**Білеміз Валериан Куйбышевты,  
Дауылпаз Петербургтен ұшып шықты.  
Келді де туған жері Сарыарқаға,  
Қызылжарда большевик туын тікті.**

**Лениннің дос, жолдасы Валериан,  
Көп жүрді қиын-қыстау жолда қиян,  
Әу, қазақ, сен де азат ел болдың! — деп,  
Босатты еңбекші ерді бұғауынан.**

**Келгенде Сутюшевтің көшесіне,  
Кәрімді есіне алмай өтесің бе?  
Есімі революционер жас жігіттің,  
Әр үйдің жазулы тұр шекесінде.**

Жолдасы ол Валериан Куйбышевтың,  
(Басқанда, Қызылжарды қараңғы түн),  
Халқы үшін, Кәрім аға қиды жанын,  
Кезінде көтерілген ақ бандиттың.

Сутюшев Кәрім аты шежіреде,  
Жазылған алтынменен ұқсап күнге.  
Жалынды жарқын бейне, өрлі дауыс.  
Жасайды мәңгі ұзақ елмен бірге.

Кәрімді байлап-матап сүйреткен жау,  
Пышақтап, қабырғасын күйреткен жау,  
Солардың жүрегі мен ой, арманы,  
Қызылжар қайта жасап тұрған мынау.

Толқыны төңкерістің соққан қала,  
Қансырады көп түсіп оқтан жара.  
«Қанша алыс қалса да ұмытпан!» деп,  
Әлдилейді сәбиін бүгінгі ана.

Заводта, фабрикада еңбек ері,  
Ғалымдар ұлы өмірдің инженері,  
Болаттай шыңдалған жас ұл мен қыздар,  
Өрлеген өндірісті меңгереді.

Жүздеген білімге орда алтын бесік,  
Қараша қаздай өрен ашқан есік,  
Қазақтың ұрпақтары — жеткіншегі  
Емендей көкке бойлап барады өсіп.

Қуанар Қызылжарға ой мен қырым,  
Именбей арқалады ғасыр жүгін.  
Ұрпақтар көз нұрындай күзетеді,  
Ильич қолын қойған жазу ізін.

Достарым, бұл қалаға жаңа келген,  
Балалар, көпей туып, кешең сезген,  
Қарт қала «көктен түсті» деп ойлама,  
Ойлама келді екен деп басқа өлкеден.

Қызылжар көк Есілдің жары емес пе,  
Күйдірген кірпіштей жар бар емес пе,  
Еркіндік ерлер ансап соғысқанда,  
Қызыл шың жар боп қатқан қан емес пе?

#### АРҚАНЫҢ АҚ ЖҮРЕГІ

Арқаның алтын айдар ұлдары бар,  
Әндерін жан тербеткен елім тыңдар,  
Иіліп сәлем берем «аруағына»,  
Жолында саяхаттың жазып жырлар.

Шоқанын кім білмейді Көкшетаудың,  
Жастарым, сенің ағаң, сенің баурың.  
Жетектеп көрші елдерге таныстырды ол,  
Түйемен көшіп жүрген қазақ қауымын.

Қапалы өз халқының көңілін бөлген,  
Шырлаған бозторғайдай көктен төнген,  
Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай,  
Елге арнап өмір бойы ән, жыр өрген.

Далаға білім дәнін егуші кім,  
Дос санап орыс халқын сенуші кім,  
Құтқарып миды шіріткен «иманшарттан».  
Балаға Әліппені беруші кім?

— Ол ұстаз Ыбырай ғой Алтынсарин,  
Алғашқы мұғалімі кең Арқаның,

Орыстың Әліппесін «бұл — білім» деп,  
Далаға жайған жасыл жапырағын.

«Әсемпаз болма әр неге,  
Өнерпаз болсаң арқалан  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та бар қалан» —

Дейді Абай Шыңғыс тауы төбесінде,  
Ойланар оты бар жан денесінде,  
Ақынның асыл әні шырқалады,  
Аспанда, жерде, теңіз кемесінде.

Ұқсаған қараңғыда туган айға,  
Ерте өткен Сұлтанмахмұт, Мұса, Майра,  
Көкшетау, Баянауыл тастарында,  
Хикая, ғазалдары азғантай ма?

Қажымұқан Қазақстан мақтанышы  
Бар еді балуанның пілдей күші,  
Француз, ағылшынның чемпионы,  
Жығылған Альтоны мен Ра-агосы.

Күресті ол Арқаның көп қаласында,  
Жайылды даңқы елдің арасына,  
Дер едім: «Қажымұқандай балуан бол!» —  
Бүгінгі замананың баласына.

Арқаның ақ жүрегі міне осылар,  
Көкшенің шынарындай ел досы бар,  
Бұлақтың бітіп жатқан көзі ашылды,  
Қара Ертіс, көк Есілдей үн қосылар.

Оқушым, терең ойлап түсін мені,  
Ақынның іштен шыққан жыры ғой келі,

Сол кеннің шығуына себеп болған,  
Міне тұр Октябрьдің ардақты ері.

#### СӘКЕН БЕЙНЕСІ

— Кім ұлы адамзатта?  
— Ленин ұлы.  
— Кім ойлы?  
— Ленин ойлы, Ленин нұрлы.  
Келгенде Қызылжарға байдан ықтап,  
Жұмыскер орыстардан білдім мұны.

Сағынған анасындай жүздеген жыл,  
Далаға құшақ жайып келеді Октябрь.  
Күн шығып, ай да туып, өзен ағып,  
Сайрады қырда торғай, ойда бұлбұл.

Тарихтың бір батыры Аманкелді,  
Қорғаған көз нұрындай туған жерді.  
«Жастарым, атаң ісін алға апар!» деп,  
Ұл, қызға қариялар «бата» берді.

Кеңескен Ленин менен Әлібиді,  
Көрген жан қолын алып, басын иді.  
«Ассалаумағалейкум!» — дедім мен де,  
Қарияға тарихтағы үздік сыйлы.

Бір ұлы әлі есімде, бірге оқыған,  
Жолдасым бірге жүріп, бірге тұрған,  
Әлкем есіне алып күрсінетін...  
Соғыстан қайырылмады сол жас ұлан.

Түскенде Октябрьдің шұғыласы,  
Көтерді Ленин туын Әл-ағасы,

Қырандай алдарыңнан ұшырайын,  
Танырсың, сағынарсың құрбыласы.

...Аққудай сұңғақ бойлы жауырынды,  
Тұңғиық қара көзі терең сырлы.  
Ақылға, ойға біткен бет бейнесі,  
Қалың қас, қыран қабақ батыр сынды.

Атжақты, аққұба жүз қияпатты,  
Отырса, тұрса да ол парасатты,  
Даусы зор, сөзі кесек тау тасындай,  
Жастарға қайырымды махаббаты.

Аз сөйлеп, көп тыңдайтын, мінезі ауыр,  
Жақсы ат пен саяхатты көрген тәуір.  
«Мен-менге», мырза, байға бұрылмайтын,  
Жалшыны, жарлы жанды қылған бауыр.

Бойына біткен сымбат, сұлу пандық,  
Жарасқан жүрісіне кербез, салдық,  
«Жеті өлшеп, бір кесуді» әдет еткен,  
Басқаның жүрген емес ізін аңдып.

Төл басы арқадағы өлең, жырдың,  
Еркесі кер маралдың байтақ қырдың,  
Күн жүзбен күлімсіреп қарап тұрған  
Сейфуллин ақын аға Сәкен біздің.

Ол біздің әдебиетте ұстазымыз,  
Мақтан қып бетке әуелі ұстарымыз.  
Лениндік қағиданы қанат етіп,  
Ұшырған кең өлкеге құстары біз.

Ол біздің дастархандас бір ағамыз,  
Қалдырған көп қазына, ірі ағамыз.



Ақтарсақ өлең-жырдың ақ даласын,  
Алдында ақбоз атты жүр ағамыз.

Сәкен ол Абылай емес, хандық құрған,  
Хандарды атаған ол «қара жылан»,  
Сәкен ғой революция дауылпазы,  
Аты аян ардағым ғой ерке бұлан.

Халқы үшін жанын пида етті Сәкен,  
Бір кезде жау қолында кетті Сәкен.  
Ақмола түрмесінде ұзақ жатып,  
От жырын жалындатып шертті Сәкен.

Қазақта Ленин есімін бұрын білген,  
Жырына Ленин сөзін ту ғып ілген,  
Сейфуллин Сәкен ақын оқы өлеңін,  
Айдай ғой ғарыштағы қалқып жүзген.

«Түсің суық, тәнің шойын жалаңаш,  
Өлшеген нан, қара суды қылып ас,  
Тұрмыс лажын жер астынан іздеген,  
Күндіз-түні алысқаның көмір тас» —

Деп Сәкен Қарағанды шахтерлерін,  
Құшақтап беттен сүйді елден бұрын.  
Көңілінің оты ұшқындап, жарқыл қағып,  
Арнады жанар таудай сәлем жырын.

Сарыарқа Гүлстанды алтын аймақ,  
Ақынның бесігі бұл тұрған жайнап,  
Барсам да қай орманға, қай бақшаға,  
Сәкеннің бұлбұлдары тұрар сайрап...

«Арқанын кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жаумын.

**Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,  
Жүреді біліп-кетіп есен-сауын» —**

**Деген ән жаңғырыққан тауды аралап,  
Бейне бір ансамбльдей сән-салтанат,  
Көкте аққу, көлде қаздар қосады үнін  
Үн қосар қыран құстар болат қанат.**

**Бұл әнді даладағы малшы айтады,  
Құсбегі, мерген, сергек аңшы айтады.  
Төріне күн көсемді отырғызған,  
Көрікті Көкшетаудың халқы айтады.**

**ЕРТІС ТАСЫП КЕЛЕДІ...**

**Жаңа әнмен Есіл толқып толғанады,  
Жаңа әнмен Тың теңізі қомданады.  
Әндетсе Сұрағанов Еңбек Ері,  
Үн қосар трактордың доңғалағы.**

**Бөленді игі өмірге Сарыарқа елі,  
Ат жетпес, алты айлық жол егін төрі.  
Шырқайды Жекекөлде тракторшы,  
Мұстафин Төлебайдай Еңбек Ері.**

**Арқаның жан жүрегі Қарағанды,  
Отымен Ұлы Отанның шамы жанды,  
Баяғы туырылған тақыр дала,  
Береді бүгін сансыз алтын дәнді.**

**Еңбекте оттай жанған ұл да, қыз да,  
Еңбекте даңқы аян СССР-ға,  
Қара қыз келте мұрын жұлдыз таққан,  
Забойшы Бибіжамал Омарова.**

Қара Ертіс жау қызыққан талай бұрын,  
Ұстасы осы күнде трактордың,  
Қырында Балғабай жүр Еңбек ері,  
Қой жайып, тау ғып үйген жібек жүнін.

Мен көрдім саяхатты ұзақ теңіз,  
Өркештей өр, Ертіспен туып тегіс  
«Қара алтын қайдасың» деп күркірейді.  
Ертегі ел аузында ол жаңа аңыз.

Көрмеген мұндай суды құбақан қыр:  
Өзенге деп тұрғандай: «Мұртыңды бұр!»  
Кереку — Қарағанды аймағында,  
Жаңа өзен қойшыға хор, малшыға жыр.

Тіл түгел толтыра алмас тамашасын,  
Үңілді түн өзенге, жайып шашын.  
Шомылып сансыз жұлдыз толқынына,  
Көмірін шашу етті Екібасым.

Аспанмен астасқандай өзен шеті,  
Долданып, құрсанады толқын төсі,  
Тосады ерулігін дастарханды,  
Жомарт жер Баянауыл шідіреті.

Күміс су нұрлы күнмен құшақтасқан,  
Біздің күш желге қарсы алға басқан,  
Зэмзэмнан қымбаттырақ мөлдір сусын,  
Бақыты Сарыарқаның келе жатқан...

Асты алтын, үсті малға алтын қауға,  
Толықсыр сайын түз де, бақша бауға,  
«Кел Ертіс, көктем аймен қанаттаса» —  
Деп тосты Жезқазған да, Теміртау да.

БЕЙІМБЕТ БЕЙНЕСІ

«Көрікті ауыл, көңілді ауыл жұмақтай,  
Ішсең тоймас қымызы кәусар бұлақтай.  
Орыс, ноғай байларынан бездіріп,  
Тартар мені деміменен шыдатпай» —

— Деп еді ғой ардақты аға Бейімбет,  
Саяхаттан қалдыра алман оны шет.  
Обағаттың өзеніндей өлені,  
Ауылымен тілдесіп тұр бетпе-бет.

Бекең даусы Сарыарқада мәңгілік,  
«Шұғаны» біз шырқап жүрміз ән қылып.  
«Жалбыр» менен «Мырқымбайға» аяулы,  
Кір жақты екен қай жексұрын әңгүдік?

Қаршығадай әсем қаққан қанатын,  
Қалам алса құшақ қағаз жазатын,  
Жай сөйлесе, бес минуттен асырмай,  
Қарт бүркіттей өз орнына баратын.

Уа, дариға, Бекем алтын аға еді,  
Жүрегі оның аппақ сүттей пәк еді,  
Маңдай шашын қос саусақпен бұрайтын,  
Біз ұмытпас бір әдеті бар еді...

Күйған болат секілді еді-ау денесі,  
Деуші едік біз: «Бекең дала кемесі».  
Жаны жібек жолдас жүр ғой бізбенен,  
«Мырқымбай-ай, сорлысың ғой» демекші.

Мырқымбайға бөлісте ат жектірген,  
Сарыарқаны «Кедей, ал» деп көп жүрген.

**«Бөліс» менің ақылыма ой құйып,  
«Кәмпескені» мен де қолдан өткізгем.**

**\* \* \***

**Арқадан көз жіберіп Кремльге,  
Аттанар саяхатшы жаз да, күз де,  
Аққудай қараша қаз алдындағы,  
Сәкен мен Бейімбет те ұшар бірге.**

**Арқада бай да өткен, батыр да өткен,  
Күн мен ай өлмес айғақ бізге жеткен.  
Тек ұлы Октябрьдің Қызыл туы,  
Мәңгілік ел туғызып, жерді өзгерткен.**

**Ақынның әні қалар, тәні көшер,  
Домбыра, қобыз қырда гүлдей өсер,  
Осымен саяхатты жамыраттым,  
Бұл мүмкін соңғы сырым мөлдіретері..**



## МАЗМҰНЫ

### ӨЛЕҢДЕР

Ескерткіш . . . . .	5
Бақыт жолында . . . . .	6
Туған жер туралы толғау . . . . .	—
Ұмытпашы, ұрпағым . . . . .	11
Тың жыры . . . . .	14
Тоғай . . . . .	16
Көктем жыры . . . . .	17
Жаз . . . . .	18
Күз . . . . .	19
Көркейткен байтақ елді . . . . .	20
Комбайншыға хат . . . . .	21
Қайран бауыр . . . . .	22
Егіншіге . . . . .	23
Мың сәлем . . . . .	24
Комсомол . . . . .	25

### ДАСТАНДАР

Алтын балық . . . . .	27
Жол жалғасып жатыр . . . . .	68
Сарыарқаға саяхат . . . . .	74